

12015

Алдаберген Амандық Қалиұлы

3585к



Мешімен түйін

Учуртун Ажырауларын Күнүн Хаталарына  
Ооруу жерге  
абт.

1709 2015

11.0013/3330

Алдаберген Амандық Қалиұлы

**ШЕШІЛГЕН ТҮЙІН**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АДІЛІК ҚАНАТІ

ШЕШІЛГЕН ТҮЙІН

2013 ж.

Алдаберген Амандық Қалиұлы  
Шешілген түйін: - Ақтау, 2013. - 114 Б.

«Маңғыстаудың күре тамыры», «Махаббат өрімі», «Өмір мен аңыз» «Өмір өрнектері», «Темір жолдың түп қазығы», «Жұлдыздай аққан жылдар-ай!» кітаптардың авторы Алдаберген Амандық Қалиұлының бұл «Шешілген түйін» - атты жаңа еңбегінде ұрпаққа арналған бабалар өнегесі, тарихы әңгімеленеді. Ұрпаққа үлгі болар өлеңдері өріліп берілген. Бұл кітап жастарға ой салар деген үмітпен көпшілік оқырманға арналады.

## Шешілген түйін

*Тәуелсіз!  
Елі тәелсіз, ері тәуелсіз,  
Жері тәуелсіз жұртымның.  
Тілі тәуелсіз, ділі тәуелсіз,  
Дербес қазақ ұлтының!  
16.12.2004 жыл.*

### Кіріспе сөз

Адам табиғаты, әлемдегі ең бір өлшемі жоқ шексіз сезімдер мен қиял армандардың жиынтығы ма деп қаласың. Әлде бір шиеленіскен тобықтай түйіннің байлауындай болып, шиыршықталып жүрекке шер болып ұялаған ойлар түйіні, көкейінде жатып сан жылдар бойы маза бермей келіп шешуін іздейді...

Кейде алай-түлей болып, борандатып, дауылдатып берекенді қашырап табиғат құбылыстары тәрізді, адам жаны да аласұрып, қара жерді қақ айырардай қаһарланып келіп, сәл нәрседен емі табылып, жаздай жадырап шыға келеді.

Бодандықтың бұғауынан жаны тұзақталып, жақсыны жадыратып айта алмай, асылды жерге көміп келдік емес пе? Егемендікті алғаннан бері ататекті ардақтап, атын шығарып, шежіреші халықтың үзіле бастаған қазынасына жалғау тауып жатқан азаматтардың қатары көбейе бастады.

«Ана тілі» үнқағазының «Қазақ шежіресін жасайық» деп, барша Алашқа үн тастауы сол көкейдегі түйіннің шешуін тарқатқандай болып, мен де өз үлесімді қосу мақсатында жинағандарымды газетке жіберген болатынмын. Ол, 1992 жылы Наурыздың он бірінші жаңасында, «Ана тілі» газетінің «Қазақ шежіресі» кіші жүз жеті ру бөлімінде берілген тізбек кестеде, менің жіберген Қарақойлы саласының аталары енгенін көріп, бір марқайып қалған едім.

Өзбекстан, Қарақалпақстан, Алматы баспа орындарынан оннан астам шежіре жазған кітаптар жарық көрді. Оларды оқып отырып бір-бірімен үйлеспей жатқан жерлерін аңғарып, әр автордың өзіне кездескен қарттарынан алған шежіре нұсқасын бетке ұстап жазғанын көреміз. Сондықтан да мен кенес дәуірінде үзіле бастаған тарихымыздың бір ұшын ұстап, жыртығын жамауға, ұмтылған бауырларыма мың да бір

рахметімді айта отырып, атадан-балаға ауызша жеткен бұл қазынаны жазып шежіреге із салудың өзі-үлкен іс демекпін. Сараптап сол дүниелердің дұрыс нұсқасын ұлы Қазақ шежіресіне қосу ғалымдардың жұмысы болмақ.

Жазылған шежірелер нұсқасында Қарақойлы атаны бірқатары «Сарай сарт», ал көпшілігі «Төре тұқымы еді», деп береді. Бұл жөніндегі атадан жеткен әңгімелер негізінде жазғанымды төменде Қарақойлы атаның тарауында бердім. Менің де көп жылдар бойы түйіндей алмай келген жорамалдарыма Қарақалпақстанның «Достық туы» газетінде «Ататек» айдарымен жарияланған Аққажы Атақозиевтің мақаласы себептігін тигізді.

Қайырқожа байға жалданып келген Сарай әшкереленіп қалмауын ойлап, өзін «Сартпын» - деп, таныстырған екен дейді. Бұл жерде Абылай ханның «Сабалақ» болып, Төле биге жалданғаны тәрізді ұқсастық бар. Оның төре тұқымы екенін дәлелдейтін тағы бір айғақ - Сарайдың армандарының ізі еді. Сарай атамыздың текті тұқым салтымен балаларына ат қоярда, өзінің келген жолының ақ екенін дәлелдеп, бірінші балаға «Ақжол» - деп ат қойып, ал екінші ұлына бектігін айғақтап, «Бекжол» - деп есім беруі еді.

Қазақтың мұндай ат қойғыштығын 1970 жылы Шұбарқұдық станциясына барғанымда аңғарған едім. Сонда жасы сексеннен асқан нағашымнан білгенім: Аманжолов Тлеумағамбеттің «Асау Барақ» жырындағы, Түгел қарттың Жайықтың арғы бетіне жеткен қалмақты барлап қайтуға жіберген қарауылы қос атпен шауып барып келгенде, аттардың зорығып құлаған жері – «Қарауыл келген», Қарауылкелді, ал қазақ қолының құдық басына шұбар ат сойып баталасқан жері, «Шұбар сойған құдық» - «Шұбарқұдық». Қалмақтардың қырылған жері – «Қалмақты қырған» - «Қалмаққырған» аталып кеткендігі еді. Тағы бір атау– Бекжол атамыздың жылқылары ықтап кетіп, ну қамысты жерге тап болады. Қасиетті ата Алладан тілек етіп қамысқа «Жарыл!» дегенде, қамыс қақ жарылып, жылқылары паналайды. Сол жылы туылған баласын «Жарылқамыс» деп, бірер жылда қалың қамыс сұйылғанда дүниеге келген ұлын «Сұйылқамыс», деп атаған. Қазіргі Жарқамыс сол аталар атымен аталған тәрізді. Сонымен көкейдегі көп сұраққа жауап табылып, түйіні шешіліп, шерім тарқады. Алла, Тәуелсіздігімізді мәңгі, баянды етіп, сұғанақ аш көзден аулақ етпей!



## Бірінші бөлім

### Ата-Бабалар

«Ата-Баба» деген ұғым-тегін ойлаған, отаның, елін ойлаған, салт-дәстүрін қадірлеген, намысы, жігері бар әр азаматқа киелі ұғым, қасиетті тұлға! Атадан балаға мұра болып келе жатқан көп жайларды, кеңес дәуірінің насихатымен уланып, кезінде оған мән бермей келдік. Енді егемендік алып, оң-солымызды танып, сол асыл қазыналарымызды жинастырар шақ келді.

Шүкір, қазақ халқының ерекше бір қасиеті - шежірешілдігі өлмей, ел зердесінде сақталып келеді. Қазір көп азаматтар, ата-баба тарихын жазып, тұншыққан ел есіндегі есімдерді жарыққа шығарып жатыр.

Ұрпақтары 13 атаға жетіп, өсіп-өнген жеті ру Табын Жолидың есімі, шежіре кітаптарда дұрыс аталмай «Сарай сарт, Жалым, Жолымбай», болып өзгеріп кетуде. Қызылорда баспасынаң жарық көрген Тілепберген Әбдіұлының 2004 жылғы «Кіші жүз жетіру» шежіресінде Қарақойлының Бекжолының Жарылқамыс, Сұйылқамыс балаларының аттары өзгерген, Бақи, Лабақты Жолый атамен егіз туған Екібастың баласы еткені, тағы да басқа Жоли тармағының аталар орындары ауысып дұрыс жазылмаған жерлері бар. Мен бұл жерде авторға бәлендей сын айтудан аулақпын, осыншама дүниені жинап, бастырудың өзі үлкен ерлік. Толықтыру дұрыстау баршамыздың міндетіміз болмақ. Сондықтан біздер аталардан естіп білген, жиған-тергендерімізді, келешек ұрпаққа жеткізу мақсатында көпшілік назарына Жоли атаның дұрыс есімін, тектілігін жеткізбекпіз.

Мын өліп, мың тірілген қазақ халқының терең тарихын бұрмалап, Қырғыз - Қайсақ еткен Орыс патшасы әрекетінен, ұлттық құндылығымыздан айырмақ болған кеңес дәуірінің әсерлерінен арыла бастаған күн туды. Егеменді ел болдық. Қазақ елін, мемлекетін, бүкіл әлем танитындай жағдайларға жете бастадық.

Қазақ халқының зиялы тұлғалары ертеден-ақ елінің рухын сақтап қалуға әрекетер жасаған. Қазақтың ұланғайыр даласын мекендеген, оқыған ишан, ахун, молдалары, билері, зиялы азаматтары бірігіп Меккеге, ұлы Абайдың әкесі Құнанбайдың бастауымен қажылыққа сапар шеккен болатын. Мекке маңына келіп, киіз үйлер тігіп, біркелкі шапан киіп, қонып жатқан адамдардың жүріс-тұрысы жергілікті араб ғұламаларының

назарын өздеріне аудартады. Олар арнайы кісі жіберіп, бұлардың кім екендігін білмек болғанда олар: - Қазақпыз - деп, жауап берген екен. Араб ғұламалары осындай сән-салтанаты, бірлігі бар халықтың тегін таба алмай, олардан шежіресін табуды өтінеді. Сол қажылық сапарға барған кісілердің ішінде, Табын Досжан қазірет көп оқыған білікті азамат екен. Ол, қазақтың қайдан шыққанын таныту мақсатында, сол елдегі үлкен кітапхана, білім ордаларына барып біраз еңбек етіп, қазақтың шыққан тегін жазып, шежіре жасайды. Сөйтіп қазақтың жалпақ даласында әр шежіреші қартардың айтып келген «Қазақ шежіре» танымына ғылыми зерттеу тұжырым жасап, Мысырға Қазақты танытып, 1876 жылы Меккеден алып келген табын Досжан қазіреттің еңбегі еді. Бұл шежіре нұсқасы ел арасында сақталып келеді. Қазақтың үлкен шежіре таралуының екі нұсқасының бірі, Нұқ пайғамбардан, ал екіншісі Әнестен басталады. Сол Әнестен таралған Досжан қазірет шежіре таралымы бойынша Табынды таратайық.

#### **Табын.**

Ұраны - Серке, таңбасы - тостаған.

Ру таңбалары - көсеу, тарақ, шөміш болып, Тарақты - Ағым, Шөмішті - Бозым, Көсеу - Бегім деп аталған.

**Тарақты** (Ағым) - Жаманкерей одан Құдияр - Ақдәулет, Амандәулет, Асандәулет.

Ақдәулеттен - Қыдырбек, Дәулетай. Қыдырбектен - Қожаназар, Қожағұл. Дәулетайдан - Өмір, Болат, Кешубай, Суат.

Амандәулеттен - Абыз, Есенбек, Тәуімбет, Жиенбет, Есімбет, Қыдырымбет. Абыздан - Сұңқар, Мырзақұл. Есімбеттен - Сүйіндік, Есенбай. Тәуімбеттен - Жаңбыралы, Ханкелді, Байкелді, Шаған. Жиенбеттен - Жалтыр, Алдасүгір. Қыдырымбеттен - Бүргі.

Асандәулеттен - Таутай, Жылқышы. Жылқышыдан - **Құлтай**, Бостай, Боржай.

Манғыстауда тұратын Тарақты - Ағым атаның бір тұқымын тарата кетелік.

Құлтай атадан - Байғазы - Сармантақ - Көшік одан Елтiзер, Қонақай. Елтiзерден - Қосжан. Қосжаннан - Қожахмет, одан 2 - бала: Мұнат, Мұхит. Мұхиттан - Болат. Мұнаттан - Еркін, Кеңшілік, Сайран. Еркіннен - Ерлан, Нұркен. Кеңшіліктен - Нурлан, Бауыржан, Темірболат. Сайраннан - Асау.

**Көсеу (Бегім)** - Табынның Көсеу таңбалы (Бегім) атадан - Айдар, Теке, Таушан, Қарамөңке, Данда.



Айдардан - Шоңқан одан Бидалы, Сейдалы, Бегалы, Дербіс, Дүзен. Таушаннан - Алакөз, Тоқа, Байдалы, Қожантай. Маңғыстауда Көсеу таңбалы табындар кездеспеді.

**Шөмішті (Бозым)** Қарға тамырлы қазақ қашаннан-ақ ел бірлігін, тек тазалығын сақтауда, өзге елдерге қарағанда медициналық тұрғыдан алғанда да, ең бір таза қанды халық деп білемін. Қазақ үш жүзге бөлініп, жеті атаға дейінгілер некелеспеген. Сол көреген халықтың Кіші жүз тармағынан тарайтын Жеті ру Табын Қарақойлы ата шежіресінен мәлімдеме бере кетілік.

Шөмішті табыннан - Асан, Қарақойлы, Токсиық аталардың ұрпақтары таралады.

### **Асан**

Асан өте беделді бай - мырза кісі болған. Асаннан - Молдабітік, Күскілтай, Кішкентай және інісі Қайырқожадан - Қаражон ұрпақтары тарап, 4 Асан - деп аталған.

**Молдабітіктен** - Ажым, Боқай. Ажымнан - Олжақұл, Қожамқұл, Жолымбет, Қарақатын, Қырғыз. Ал Бақай ұрпағы өте аз тараған тұқым. Олар Қазақстанның Қызылорда аймағында орналасқан. Асан атаға дейінгі ата санын анықтау мақсатында Ажым атаның бір өскен ұрпағын келтірейік.

1. Асан

2. **Молдабітік**

3. Ажым. Енді оның бес баласынын бірі

4. **Олжақұл.** Одан 4 бала - Қошқарбай батыр (1677ж.), Алпар, Тұлпар, Айту.

5. Қошқарбайдан - 12 ұл олар: Аманкелді, Тұғыл, Құдайберді (Көнырбөрік), Қанжар, Есенкелді, Кенже, Қарақұл, Азна (Қожакелді), Ерназар, Рыскелді, Рысбай, Саңырақ.

6. Қанжардан - Өтен, Өтеміс, Итенеген, Сүтемген, Бәйтерек.

7. Бәйтеректен - Қара, Тілеп, Босан, Қопаш, Қалдымурат.

8. Қарадан - Бегалы, Төралы.

9. Төралыдан - Амантай, Қожанияз, Жубанияз, Молданияз, Алданияз.

10. Жубанияздан - Әлдеш, Әділжан, Темірхан, Өмірхан, Қайыр.

11. **Әлдеш** - Мұхит, Әлмұхан, Әлібек, Асылханбек, Қарасқан, Кенжебек. Әділжаннан - Қаныбек, Қуанышбек. Темірханнан - Мейрамбек, Дүйсенбек, Темірғазы, Өмірғазы, Асылбек, Ахметжан. Өмірханнан - Ахмедияр, Өміржан. (Ақтөбеде) Қайырдан - Бахтияр, Еркін, Әсет. (Маңғыстауда).

12. Өмірханнын - Ахмедиярынан - Нұрмұхамбет. Қайырдын Бахтиярынан - Нұрлан, Айдан. бұлар Асан атаға 12 ата жер.

Асанның - **Күскілтайынан** - Нүрке, Төлей, Қожасейіт.

**Нүркеден** - Сартай, Тәуше, Көкше, Сазан. Тәушеден - Бөлек. Бөлектен - Өтемерген, Ерназар, Жанқара.

Қожасейіттен - Елгелді. Елгелдінен - Байбол, Турымбай, Құлжа.

Енді осы аталардың ішінен Асанға дейінгі бір өскен ұрпағын келтірейік.

1. Асан.

2. Күскүлтай.

3. Нүрке.

4. Нүркенін - Сазанынан - Көней, Өтеміс, Таңатар, Сүйіндік.

5. Өтемістен - Шоман, Мартбай, Боранбай, Аққұлы, Өзденбай.

6. Аққұлдан - Туасар, Төлей, Мәйтен.

7. Туасардан - Шуақ, Жантай, Қотыр, Шотыр, Құрбанбай, Бұжбан, Көнтік.

8. Бұжбаннан - Балабай, Төлебай.

9. Төлебайдан - Қалынбет, Тәттібай, Нұрпейіс.

10. Қалымбеттен - Балқожа, Нұрқожа.

11. Балқожадан - Роман, Руслан.

12. Руслан бұлар да Асанға 12 ата болады.

Асан - Күскілтай - Нүрке - **Сүйіндік** Атасының тағы бір ұрпағын таратайық.

Сүйіндіктен - Оразбай, Олжабай, Асан, Малбақ, Нұрманбет, Кедей, Қасқа.

Нұрманбеттен - Тәжікен - Мертекен - Қойжан - Иса. Исаның Жаппарынан - Мұхамбетқали, Әбіғали, Әділ, Аманбай, Қалияш. Мертекеннен - Игілік, Елжай, Елеу. Игіліктен - Ысқақ. Ысқақтан - Смағұл, Ерқара, Құсайын. Елжаннан - Әуез, Әбіжет. Әуезден - Ноғай, Жұбат, Онғар. Әбжеттен - Сыдих, Қосай, Марат.

**Асанның Кішкентайы** екі-үш нұсқада таралып келеді.

Кішкентайдан - Алыбай, Жалпақтіл. Алыбайдан - Өтеміс, Мұрат. Өтемістен - Көлбай. Мұраттан - Ақбай, Тоқа. Ақбайдан - Алтынбай, Жөнбай (бұлар «Бес Мұрат» - деп аталған). Тоқадан - Мүсіреп, Боқан, Қамбар.

Ал енді Кішкентайдың **Жалпақтілінен** - Малайсары, Жабай, Желке, Бесарық болады.

Екінші деректегі дұрыс нұсқа Жалпақтілден:

1. Желке, Мұрат.
2. Бесарық, Оқшы.
3. Тоқымбет.
4. Құлымбет.

Олардын Құлымбетінен - Малай, Жауқашты, Бегел, Шабан міне бұлар тоғыз Жалпактіл деп аталады.

### Қаражон

Асанның інісі Қайырқожадан бір ұл Барық және бір қыз Қарақыз туады.

Барық - «Қаражон» деп аталып кеткен. Барық өте ірі қайратты балуан кісі болған. Ертеректе Хиуа хандығында үлкен той болып, соған көршілес туысқан елдерден ерен күшті балуан, жүйрік ат, құралайды көзге атқан мерген тағы сондай өнерлі адамдар шақырылған болатын. Сол тойға бара жатқан Барықтың аты жолда болдырып, иесін алып жүре алмаған соң, атты өзі арқалап алып жүре береді. Атты кісінің ізімен осы тойға бара жатан бір топ жолаушылар, жолда аттың ізі жоғалып кетіп, адам ізі пайда болғанға таңырқап келе жатады. Сөйтіп олар да әлгі жаяу ізбен жүріп отырып, із тоқтаған жерге келеді. Ат жайылып жүр. Бір денелі кісінін ас әзірлеп орғанын көріп, олар да сол жерге тоқтап дәмдес болады. Жөн сұрасып, жолда жоғалған аттың ізі жайлы әңгімелейді. Сонда Барық, - Е, ол мен едім, атым болдырған соң арқалап алған едім- дегенде әлгілер қатты таңғалып «Жігіттің нағыз қаражоны екенсің», деп риза болып, тойға онымен бірге барып қатысады. Ханның орасан зор алып, шынжырлы балуаны күреске келген балуандарды түгелдей жығып, кезек Барыққа келеді. Ол әлгі ханның шынжырлы дәуін тік көтеріп алып, үйіріп жерге соғып, басынан аттап кеткенде, жолда кездесіп бірге келген жолдастары оның шың атын білмей өздері қойған есімді атап, «Қаражон, Қаражондап» айқай салады. Балуанның ерен күшіне куә болған барлық жұрт шулап «Қаражондап» айқай салады. Міне сөйтіп Қайырқожа баласы Барық-Қаражон аталып кетеді.

Барық (Қаражоннан) - Елтоқ - Желқарбай - Желқарбайдан Әуез, Байымбет. Әуезден - Сақпан, Қабыл.

Байымбеттен - Ысық - Нәдір. Ал енді сол Ысықтан - Атабай одан Есенбай туады.

Есенбайдан - 6 бала Маштан, Төкей, Асанабыз, Әжімбет, Жанғазы. Төкейден - Жанқора - Кенжебай, Байқара. Асанабыздан - Сары, Қалдыбай

Әжімбеттен - Қоңыратбай, Қоскүрей, Құдайсүгір, Ізқара, Кенжеқара. Ал Байымбеттің - Нәдірінен - 5 бала Тілекқабыл, Мұратқабыл, Жанқабыл, Досқабыл, Кенже.

Мұратқабылдан - Асыл, Маман, Шортан.

Маман батырдан - 9 бала; Шынтемер, Сартемер, Тастемер Қазақбай, Табынай, Жантемір, Естемір, Жылқыайдар, Қожабай.

Қаражонның Маман батыры мен Құдайсүгір мырза аталары Т.Аманжолықтың «Асау - Барақ» жырында аттары жырланған қазақ ерлері.

Мен бұл Қаражон тізбесін толықтыруда Қарақалпақстанның Хожелі қаласында тұратын Аралбаев Абдолла Жалғасбайұлының «Маман батыр шежіресі» кестесін пайдаландым. Бұл кестені маған берген Маман батыр ұрпағы Жайылханұлы Өтеген еді.

### **Киік сауған Ысық ата**

Шөмішті табынның Қаражоннан-Ысық, Нәдір, Болат ұрпақтары тарайды. Осының ішінде Ысық ата қарамат киік сауған «Саяқ ысық» атанған. Ал Асанның Молдабітігінен Ажым туылып, осы екеуі дос болады. Олар бірге көшіп, қатар қонады екен. Бір жылдары елге нәубәт төніп жұт болады. Ысықтың малдары қырлып қалып жұтап қалады. Ажым жұтпен алысып жүріп арада быраз уақыт өтеді. Есін жиған Ажымның ойына Ысық досы түсіп, оны іздеп ескі жұртқа келеді. Ысықтың бала-шағасы, өзі жұртта болмай шығады. - Қайран досым бала-шағасымен аштан қырылып қалған болар деп, еш болмаса өлген жерін көріп, сүйектерін қара жерге жасырайын - деген оймен Ысықты іздеп кетеді.

...Ысық атамыз малдан айырылған соң, бала-шағасын ертіп тау-тасты аралап кетеді. Сөйтіп жүріп, бір терең сайға тап болады. Жан-жағы қоршалған тау пана болғанмен де балаларына тамақ жоқ болып, жаны күйзеледі. Ысық ата Алладан тілек тілеп балаларын аман қалдыруды сұрайды.

Алланың күдіретімен сайға бір топ киік келеді. Ысық қасына барса қашпайды. Сол киіктерді сауып сүтін ішіп, балаларын асырап жүре береді.

Күндірде бір күні әлгі таумен қоршалған терең сайға Ажым досы келіп жоғарыдан қарайды. Сай түбінде оншақты киік жайылып жүр екен. Бір киікті сауып отырған досы - Ысықтың балаларының қасында ойнап жүргенін көріп, оның жұттан аман қалғанына қуанады. Ысыққа дарыған

Алланың құдіретіне таңғалып тұрғанда оны Ысық сезіп қалып, басын көтеріп жоғары қарап:

- Досым-ай, қайдан келдің бұл жерге. Мен бір саяқ жүрген жан едім. Сенің мені көрмеуің керек еді. Көрген екенсің, бір көзің өзіңе олжа болсын, бір көзің ағып түссін, – дегенде Ажымның бір көзі сол жерде ағып түседі.

Сөйтіп Ысық досы елге оралып Алланың құдіреті дарыған «Киік сауған Ысық» атанады.

Алланың шын тілеген пендесіне, берер жақсылығы, ырыс несібесі мол. Алла жарылқасын!

## ТОҚСИЫҚ

Тоқсиықтан - **Барлыбай, Есенбай**. Барлыбайдың ұрпақтары - Байбіше, Тоқал, (сірә аналар орнымен солай аталған болар) және Құрбан, Құтғый.

Есенбайдан - Қырым, Дуан, Жамантық, Жақып, Өмірқұл. Ал енді осы Өмірқұлдан атақты **Серке батыр** туады. Ол Тәуке ханның тұсында болған тарихи адам. Серке батыр 1718 жылы Тәуке хан өліп, оның орнына баласы Қайыпты хан сайларда Төле би, Айтеке би, Қазбек би, Шақшақ Жәнібек би, Тама Есет батырлармен қатар хан сайлауына қатысқан атақты батыр.

Табынның аруақты батыры Барақтың анасы Қарқара осы Серке батырдың қызы еді. Сонымен Барақтың туған нағашысы - Серке батыр. Серкеден - Ақайдар, Бекайдар. Бекайдардан - Байқадам, Сейіл батырлар туады.

## ҚАРАҚОЙЛЫ

Көк Орда ханның бір жақын адамын, төре тұқымының бір батыры егесте, жекпе-жекке шығып өлтіріп кетеді. Хан ұрпағына қылыш шапқан батыр өлім жазасын алатыны мәлім болып, әлгі батырдың жақын досы оның балаларына да сондай қауіптің төнерін сезіп, досының балаларын қашыртады.

Қайырқожа еліне қашып келген екі баланың бірі Сарай, бірі Шоғай еді. Сарай Қайырқожаға қолбала болып жылқысын бағады. Бір жылдары қатты қыс болып, Сарай үлкен қайрат көрсетіп, жылқыларды жұттан аман алып



шығады. Сарайдың тектілігін, адал еткен ерлігін бағалап, Қайырқожа оған жалғыз қызы Қарақызды қосады.

Қайырқожа қызын бөлек шығарып «Малдан, еншіңе мал ал» дегенде қасиет дарыған көрегендігі бар Қарақыз анамыз:

– Әке, берсең қой ішінде жүрген қара тоқтыны аламын, басқа малыңның керегі жоқ, – дейді. Қайырқожа батасын беріп сол айтқан тоқтысын берген екен. Қара тоқты аз жылдың ішінде көбейіп, отар-отар қара қойға айналады.

Сөйтіп, Сарайдың аты Қарақойлы болып аталып кетеді. Қарақойлыдан - Ақжол, Бекжол және Боздақ деген үш ұл туады. Сарай күндердің бір күні, елін сағынып Қарақыз анамызға:

- Мен елімді іздеп тапқым келеді. Мен келгенше Ақжол мен Бекжолды ермек етерсің –деп, кіші ұлын алып кетеді Сол кеткеннен одан дерек болмайды.

Ақжолдан - Құтет жалғыз туып, әулетінің үлкені саналады. Бекжолдан - Жарылқамыс, Сұйылқамыс туады. Жарылқамыстан - Қоңыр, Сағыр, Жоли, Екібас, Сұйылқамыстан - Лабақ, Бақи болады.

Осы жөнінде жазған мына жырларымнан үзінді келтіре кетейін:

### **Қарақойлы**

Табынның Қарақойлы саласынан,  
Ақжол мен Бекжолдайын баласынан.  
Тараған ұрпақтарды мен айтайын,  
Сұраптап шежіренің арасынан.

Ақжолдан Құтет ата жалғыз туып,  
Бекжолдан - Жарылқамыс, Сұйылқамыс,  
Бұлардан - Қоңыр, Сағыр, Жоли, Екібас.  
Тағы да туды атақты, Бақи, Лабақ.  
Білгенге бұның өзі үлкен сабақ.

### **Созақ Көшер би**

Лабақтың бір саласы Созақ болар,  
Көк найзалы Созаққа қай жау жолар.  
Қақтығысқан қалмақтың қанын төгіп,  
Табында «Созақ батыр» деп аталып,  
Қазаққа көп танылған батыр болған.

Сол Созақтың ұрпағы Көшер биді,  
Сөз кезегі Көшерге енді тиді.  
Көшер би Жем бойында, болған-толған,  
Толғыз ұлмен бір көшіп, бірге қонған.  
Ұлына Мыңбай деген қыдыр дарып,  
«Қәдіртүн» оразада көрген жарық.  
Мыңбайға қыдыр дарып, құдай берген,  
Малы өсіп, дәулет өсіп, шалқи берген.  
Қызы болмай қатарынан жеті ұл көріп,  
Тілеп жүріп Алладан бір қыз болып,  
«Шәрбану» деп ол қыздың атын қойып,  
Ат шаптырып, қызықтап тойын берген.

Көшердің түр- тұлғасы бөлек болған,  
Басына ерекшелеу бақыт қонған.  
Европа салтымен киім киіп,  
Табында өзгешелеу билік құрған.  
Сәнмен киіп сал болып, қарта ойнап,  
Жүреді екен екі елдің тойын тойлап.  
Доңыздаудан атпенен Кетік барып,  
Жүреді екен Каспийдің бойын бойлап,  
Салдық пен ойын ойнап, тойын тойлап..

- деп нағашым Көшер би аруағына белгі еттім.

### Созақ батыр ұрпағы Рза

Кеңес дәуіріндегі көптеген жақсы тәрбиелер мен жүйелерді көріп өстік. Ынталы еткен адам еңбегі бағаланып үлгі етілсе, жалқау тоғышарлық қылықтар сынға алынып газет-журналдарда жарияланған мақалалар талқыланып, қатан шаралар алынды. Ұрпақты адал еңбекке тәрбиеледі. Бірақ керісінше дінді «апийын» деп, халхымыздың құндылықтарын, салт-дәстүрін «ескінің көзі, капиталистердің сөзі» деп 70 жыл бойы мыйға сіңірген теріс тәрбиесінің зардабын біздер шектік емес пе? Абай дананың «қолымды мезгілен кеш сермедім» деген өкініші менің де көкірегімді қарс айырды.

Кәрі көз нағашыларым мен әке-шешемнің бұл дүниеден өткендеріне жарты ғасыр болып қалды. Еліміз егемендігін алып, есін жиып, жоғалтқан құндылықтарын жинай бастағанда «әтеген-ай неге сұрамадым, неге жазып алмадым» деп өкінемін.



Нағашыларым: Сатыбалды Байтілеуұлы, Шаңбай Сейтмағанбетұлы «Лабақ батыр, Созақ батыр жайлы кітап жазып жатырмыз қосарын болса бер» - деген соң азда болса бір тамшыдай тарихқа қосылар естігендерімді айтайын.

Алғашқы білім алған ұлт жанды Алаш азаматтарының қатарында ұлы қазақ елінің тарихын жырлап, ерлікті, елдікті ардақтап өткен Тілеумағамбет Аманжанұлының (1865 - 1935ж.ж.) жазба түрінде қалдырған «Қобыланды батыр», «Асау-Барак» жырлары ел егемендігінің арқасында бізге де жетті. «Асау-Барак жырындағы Волга қалмақтарының 1761 жылғы шапқыншылығында қазақ жұртына ат шаптырып қол жинаған Батыр Түгел қарт осы көк найзалы ер Созақтың кеңже ұлы еді. Ол осы соғыста 80 жаста қол бастаған болса тулған жылы 1681 жылға сай келеді. Сонда ұрпақ аралық заңдылыққа сәйкес Созақ батыр 1650ж. Лабақ 1620 - 1610 жылдары туылған болады. Сарыарқаны жайлаған қалмақтардан елін жерін қорғап өткен Ер Созақ батырдың ұрпақтары жайлы естіген мына бір әңгімені айтуды жөн көрдім.

Қарақалпақстанның Хожаелі қаласының тұрғыны көпті көріп, көп түйген шежіреші әжей Бибіжардың 1998 жылы 80 жасында менің нағашыларым жайлы сөз қозғап айтқан әңгімесі: Батырлық пен батылдық, ерлік тек қуалап негізіне тартатыны анық. Менің әке-шешем бір-біріне туған бөле балып, Қырықмылтық адайдың Бекберді - Тобышбай - Қосуақ бидің апалы-сіңілі екі қызынан өрбиді. Қосуақтың ұлы Өтеміс болыс, Созақ немересі Көшер билер адайдың Тобанияз ханымен құрдас, замандас болып араласып жүрген жандар болған. Ежелден құда-жекжатты осы Қосуақтың бәйбішесі Рза Созақ батырдың немерелерінің бірінің қызы екен. Бір күні ойға базарлап шыққан Қосуақтың керуені Қоңыраттан елге қайтарда қалың баялыш, жыңғыл өскен тоғай ішімен жүріп келе жатады. Рза апамыз түйе үстінде келе жатып базардан алған жаңа кебісінің түсіп қалғаның байқайды. Содан ол түйесін шөгеріп кебісін іздеп артқа жүреді. Ізбен келе жатып кебісі түскен жерге жеткенде тал түбінде жатқан жолбарысты көреді. Қараса кебісі жолбарыстың алдында жатыр екен. Сәл қобалжыған апай есін тез жиып «тәуекел» етіп: - Сен де жалғыз, мен де жалғыз, тоғайда міне кездестік, кебісімді бер, Жолеке. Алмай кетпеймін-деп қасарыса үн қатады. Жатқан жолбарыс «Алдыма кел» дегендей бір аяғын көтеріп шақырғандай болады. Жыртқыштан қорықпай қасына барған апай жолбарыстың басын иіп, екінші аяғына кірген шөңгені нұсқағаның көреді. Аяғы іріндеп ісіп кеткен екен. Апай «Сәл шыда»деп

жолбарыстың басынан сипап, шөңгені жұлып алып, іріңін сорып тастап, орамалымен байлап береді. Кебісін алып қайтып келе жатса әйелді іздеп шыққан керуенбасы - Қосуақ, апайға қол былғап тұрған жолбарысты көріп таңқалады. Сөйтіп аруақты ер Созақтың ұрпағы Рза апайдың ерлігін менің кәрі нағашы, әрі қайын жұртымның ұрпақтары осы күнге дейін қастерлеп айтып келеді.

Аруақты батыр Барақ шыққан Лабаққа аздап шолу жасап, қалған Қарақойлы аталарды таратуды келешек ұрпақтар үлесіне қалдырдым.

Лабақтың бірінші әйелінен – Қожаназар, Қожүрек, Маңғытай, Созақ туылып, екінші әйелінен – Ақназар, Көшен, Жөнекей, Жәнікей, Отарбай болып барлығы тоғыз Лабақ атанған.

**Лабақ - Қожаназардан** - Майлыбай, Жаулыбай, Қалқе (Мәмбетай), Тілеулі, Тоқсанбай. Олардың

Майлыбайынан - Өтеп (Қаракемпір), (Сарыкемпір). Қаракемпірден - Сайман, Жалпақ, Итақ, Көбей. Сайманнан - Масқар. Жалпақтан - Айшуақ. Итақтан-Тасыр. Көбейден-Күміс. Сарыкемпірден - Байқонақ, Тінен. Байқонақтан - Есіркеп - Ташпен, Қосдәулет, Көгібар, Есдәулет. Тіненнен - Меңдеке - Тәттігүл, Қарасейіт. Жанкісі. Жабалтай - Ерқұл, Шәудір. Қуданбай. Тоқымбет - Ораз, Жанқара. Құдаман.

Жаулыбайдан - Бозай, Құнан, Сарыкемпір, Шотан. Бозаннан - Балқара. (қалған ұрпақтарды толықтыруды талап етеді)

Қалқеден - Мәмбетай, Досқұлы, Көшкінші, Сегізбай. Мәмбетайдан - Естен - Дән - Қалқаман. Досқұлыдан - Жұман - Айтқұл, Қозыбағар, Қарабатыр. Көшкіншіден - Боксары - Есбатыр. Сегізбайдан - ұрпақтар бар.

Тілеуліден - Қылыш, Найза. Қылыштан - Елен, Басар. Найзадан - Муса, Тай, Мыңжасар. Олардың - Еленнен - Назар, Шауқар, Жамантай, Есет. Басардан - Тас. Мусадан - Жарқынбек, Жылкелді, Қали, Наушабай.

Тоқсанбайдан - Құдас - Құлтас - Құдайберген - Аманжол. Ұрпақтар бар.

**Лабақ-Қожүректен** - Мұрат, Есенжан. Мұраттан - Бөлек - Алдаберген, Әжі, Иман, Қожаназар. Есенжаннан - Бәйбішеден - Медет, Қуат. Кіші әйелден - Ырғызбай, Теңізбай, Жантай, Манабай, Қанабай, Төлебай, Жидебай, Найзабай. Және Есіркемес. Медеттен - Кенебай, Дөненбай, Қазан, Созан, Жайылхан. Қуаттан - Бақи - Тойдық Жарты, Келдібек, Тастайбек, Іңкәрбай, Қангел.

**Лабақ - Маңғытайдан** - Шаңбай, Қорлаш, Байда, Қонақан. Шаңбайдан - Бабыл - Өмірбек. Қорлаштан - Сикым, Жанас. Байдадан - Тауанбай - Сарықұл. Қонақаннан - Отыншы, Саңырақ, Есет. Бұлардың Сикымынан

- Құрманәлі, Иман. Жанастан - Бекарыс, Жанекеш, Жандыбай. Отыншыдан - Бекімбет. Саңырақтан - Алаң, Қараша, Аманша, Шілмұрза. Есеттен - Бірімқұл.

**Лабақ - Созақ батырдан** - Қойлыбай, Малтабар, Мамыр, Кешубай - (Түгел), Кішкене. Қойлыбайдан - Дәрментай, Танат. Дәрментайдан - Досқара, Сүйінқара. Досқарадан - Сүйіндік, Айжарық, Құрмағали, Шалатай. Қойлыбайдың Танатынан - Шымбыл - Қайқы, Қабыл. Қайқыдан - Ылау - Мыңжасар, Құлымбай (Құлжас), Оразбай, Бозай. Мыңжасардан - Шағатай, Көшер би, Жаңай. Жаңайдан - Ермек, Балмұхан. Ермектен - Нұрмұхан, Есен, Мұхан. Нұрмұханнан - Жұма. Жұмадан - Тұтқыш, Тұраш, Балмұханнан - Мырзағұл - Микас. Бұлардың Есенінен - Яхия, Оңғарбай. Мұханнан - 1 бала бар. (Ақтөбенің Шұбарқұдығында, Алматыда тұрады. Және осы аталарға жататын Ыспан, Сабыр аталадың ұрпақтары бар. Ал атақты Көшер бидің 9 ұлынан (ұл баладан) ұрпақ қалмай, елге тараған шешек(оба) апатынан қырылып қалады. Қасиет дарып, Қызыр көрген Мыңбай атты баласынан менің шешем Шарбанудан тараған біздер (жиендер) бармыз. Тағы бір баласынан қалған екі қыздан Лабақ станциясына жақын жердегі Түрікпеннің шәудірінен тараған жиендер бар.

Созақ - Малтабардан - Өтеғұл, Тоқымбет. Өтеғұлдан - Жабай, Қабақ, Түлкібай. Тоқымбеттен - Бәлібек (Байбек), Жәнібек. Жабайдан - Қауа, Теке, Тас. Қауадан - Қосан, Бармақ, Бадақ, Маймақ, Дошық.

Қабақтан - Қуат. Түлкібайдан - Естек, Дәрмен, Дарайғыр, Сарайғыр, Имағамбет. Бәлібек (Байбек) - Мәсібай, Шатан (Шытан), Естек. Мәсібайдан - Серік, Көшек. Шатаннан - Қосжан, Есжан. Естектен - Маңдай, Имансары, Көбек.

Тоқымбет - Жәнібектен - Дәуіт, Балта. Дәуіттен - Тай, Шақа, Мүсіреп, Қалдаман. Балтадан - Тоқмырза, Нұрымбет, Қисық.

Созақтың - Мамырынан - Қара (Қариек) - Айғыр, Жұмағали, Шалабай. Шалабайдан - Елеу-ишан (мешіті Матай құмында), Тәжбенбеттен - Ораз, Ержан, Сарықұл, Бегім. Мыңбайдан - Өмірзақ, Қуан, Мырзабай, Жұмағұл. Жүзбайдан - Жанұзақ...

Созақ - Кешубайдан - Орысбай, Айымбет, Оңғарбай, Түгел батыр. Орысбайдан - Ертай, Нәдір. Ертайдан - Байке. Түгел батырдан - Ақмолда, Өмір, Салақ. (Түгел батыр ер Созақтың кеңже немере баласы данышпан батыр болған. «Асау-Барақ» жырындағы ойрат қалмақтарына қарсы қол жинаған, Бараққа бата берген Түгел қарт - осы).

Созақ - Кішкенеден - Асан, Жанай, Шерубай. Асаннан - Естемес, Бармақ батыр. Жанайдан - Бердалы, Мендалы. Шерубайдан - Қылшыман, Құлшар, Атанияз, Естай. Бұлардың ұрпақтары: Естеместен - Құлшыман, Бекішбай, Тілеубай, Құрымбай - ахун. Бармақ батырдан - Астарбай - Өмір. Бердалыдан - Торыбай... Мендалыдан - Дауыс, Дыбыс, Шүрен. Құлшардан - Балжан. Атанияздан - Кәдір. Естайдан - Жүсіп, Рейім. (Асау - Барақ жырындағы Бармақ батыр осы Бармақ батыр.)

Лабақтың бесінші ұлы **Ақназардан** - Атабай, Ақпан, Түкібай. Атабайдан - Ақжігіт, Ақша, Байжігіт, Атан. Ақжігіттен - Шәки - Өскін. Ақшадан - Қабай, Қонақ. Қабайдан - Күсен, Тұрғанбай, Түебай, Айдар. Қонақтан Дербіс.

Ақпаннан - Байдалы - Түмен, Мамын, Қарабас Қожан.

Түктібайдан - Тоған, Қожаберген, Сарыжан, Салықбай. Тоғаннан - Ықылас. Қожабергеннен - Қаратай. Сарыжаннан - Есімбет. Салықбайдан - Жайлау, Қыстау, Қалмақ, Сейітбай.

Лабақ - **Көшеннен**-Күнел, Оңай, Жаманай, Кенже, Көрпе, Қуаныш.

Күнелден - Мәмбет - Қарабай. Оңайдан - Бердібай, Жолмырза, Токсанбай, Жайлау, Тоқай. Бердібайдан - Досқали. Жолмырзадан - Қуантай, Жайлаудан - Жиенғали. Тоқайдан - Бәйімбет.

Жаманайдан - Жоламан, Дархан, Шотыр, Балға, Серік. Жоламаннан - Ыбырай. Дарханнан - Жиенбай. Шотырдан - Сері, Әкім, Қоржау. Балғадан - Ендірбай, Асқар, Әмет. Серіктен - Төлңүт, Тұтқын.

Кенжеден - Арал, Қалдаяқ, Аққожа, Оразымбет, Қоңыратпай. Аралдан - Қонысбай. Қалдаяқтан - Айтжан, Піржан. Аққожадан - Мүсірәлі. Оразымбеттен - Ерман. Қоңыратбайдан - Ахмет.

Көрпеден - Қорған, Тәмпи, Сары, Дәрігер. Қорғаннан - Жүсіп, Зүлпіқар. Тәмпиден - Наурызбай. Сарыдан - Қалмырат, Мендалы. Дәрігерден Жаббар.

Қуаныштан - Әби, Әбді, Мақұл, Әбдірасұл.

Лабақ **Жөнекей** ұрпақтары әлі жыйналмаған.

Лабақ - **Жәнікейден** - Құлжан, Намаз. Құлжаннан - Түбек, Дербіс, Айдарбек, Мандайбек. Намаздан - Шыныбек, Үркінбай, Көркінбай.

Енді солардың ішінен ерекше елге аты мәлім болған Отарбай ұрпағын таратайық.

Лабақ - **Отарбайдан** - Арғынбай, Айтбай, Сатыбалды, Ізбасар, Қарақұл, Уақ туады.

Арғынбайдан - Есқара, Төреш, Қонысбай, Сүйініш, Өтеген. Айтбайдан

- Барсалы, Қарсақбай, Төлеу, Мұрат. Сатыбалдыдан - Жаманқара, Барақ батыр. Избасардан - Құлбай, Құдайберген. Жаманқарадан - Қайрат, Мұрат, Шәкет, Құлдан. Барақтан - Қитар, Жәнібек, Шыңбай, Ескене, Тастемір, Асау батыр. Асаудан - Жамбура, Бурабай, Қаражан, Дәуіт Жандос, Уәзір, Нысанбек. Дәуіт батырдан - Бейімбет, Бекназар, Алданазар, Дәрібай. Сатыбалдыға жоғарыда айтылған атақты табын Серке батырдың қызы-Қарқараны алып береді. Ал осы Сатыбалдыдан атақты, аруақты Барақ батыр туылып, әулие Барақ Ата атанады.

Барақтан - Асау одан Дәуіт әулие ұрпақтары тарайды. Барақтың қорымы Маңғыстаудың Бейнеу ауданы Тұрыш елді мекенінде, Дәуіт Қарақалпақтың Қоңырат қаласында. Лабак атаның ұрпақтарының шежіресін жинаған Сатыбалды Байтілеуұлы мен Шаңбай Сейітмағанбетұлына көп рахметімізді айтамыз. Әлде де толмаған шежіре кетіктерін толтыруға барлық ұрпақтар атсалыса құба-құл болар еді.

Ал қалған Лабакты түгел таратпай тұрып айтарым шежіре таралымдарының бірнеше нұсқалары боларын, әр таратушы өзінің тармағын таратып, қалған аталар кейде өзгерістерге ұшырап бұрмаланып кетерін ескеріп, осы жерден басқа аталарды таратуды тоқтатып, бұл бөлімдерді де келешек сала шежіресін жасаушыларға қалдырдым.

Соңғы кезде оннан астам Кіші жүз шежіресін жазған авторлардың Шөмішті табынның түпкі аталарын әр түрлі етіп таратқанымен барлығының айтар аталары бір.

Мен бұл жерде кейінгі сараптаушы ғалымдарға өз ойымның көмегі болар деген оймен төмендегі жайларға назар аудартпақпын.

Шөмішті табынның көп топтасқан жерлері Қарақалпақстан, Ақтөбе, Маңғыстау аймақтарындағы табындардың тұтынған шежіре нұсқасы 1914 жылы жазылып қалған. Аманжолұлы Тлеумахамбет (Кумолда) жыраудың «Асау Барақ» жырындағы Қарақойлы төрт Асан Дуа біткен ері бар-деген және Мақсұт Айталиевтің Мұсран Қажы жазбасының негізі бар екені анық.

Асаннан - Молдабітік, Құскелбай, Күшкелтай.

Молдабетінен - бес Ажым

Құскелтайдан - алты Нүрке

Күшкелтайдан - тоғыз Жалпақтіл

Асанның інісі Қайырқожадан туған бала Барық - Қаражон болып. Бұлар «Төрт Асан» деп аталған.

Ал Асанның Қайырқожасына еншілес Сарай мен оның қызы Қарақыз

анадан тараған ұрпақтар Асан Қарақойлы аталып, кейін Қарақойлы болып аталып келеді. Сонымен шөмішті табыннан Асан, Тоқсайық Қарақойлы болып үш арыс шөмішті табындар тарайды.

### Қарақойлы Табынның шежіре кестесі.

	Табын	
	Бозым	
<b>Асан</b>	<b>Тоқсайық</b>	<b>Қарақойлы</b>
Ажым	Барлыбай	Ақжол
Нүрке	Есенбай	Бекжол
Жалпақтіл		
Қаражон		

### Қарақойлы

<b>Ақжол</b>	<b>Бекжол</b>	
Құтет	Жарылқамыс	Сұйылқамыс
	Сағыр	Лабақ
	Қоңыр	Бақи
	Жоли	
	Екібас	

Енді осы Қарақойлы атаның ұрпақтарынан атағы шығып, аңыз әңгімелерге арқау болғандарынан естіген, білгенімді ұсынамын.

### Асау-Барақ ерлерім

(«Маңғыстау» газеті 01.07.1993ж.)

1993 жылғы 12-13 маусымда Ақтөбе облысының Байғанин поселкесіндегі Қарауылкелді станциясында қазақ елінің елдігін, бостандығын сыртқы жаудан қорғаған аруақты Барақ батырдың 250 жылдық, ал Асаудың 230 жылдық мерей тойларын атап өтті. Қазақ халқының тарихында жазылмай келген, тұншыққан деректер жарыққа шықты. Ел қуанды.

Бұл айтулы оқиғаға Қазақстан Республикасының облыстарынан, Астанадан, туысқан елдерден көптеген қонақтар, өкілдер жиналды. Әсіресе көрші Қарақалпақстаннан теміржолмен 10-вагонға симай, ал

енді бір қатары көліпен келген адамдар мыңға тарта болды. Маңғыстау облысынан да бір топ азаматтар арнайы бір вагонмен барып қайттық. Сол үшін үлкен қамқорлық көрсеткен Батыс Қазақстан темір жолының Маңғыстау бөлім бастығы Қыдыр Дәрменқұлұлы Қалағановқа баршамыз рахметімізді айта-айта елге жеттік.

Біздер былтыр 1992 жылы Барақ атаның Бейнеудің Тұрыш жеріндегі кесенесін ашу мерекесіне де қатысқан едік. Сонда той құрметіне арнап ақын Тәжіғали Темірқұлыв ағамыз:

– Бас иіп бүгін, алақан жайып табынам, Күнәмді кеш деп, аһ ұрып тұрып жалынам – деп осы уақытқа дейін көмейіне құм құйылып, тарихымызды бағаламаған мәңгүрт жағдайдан арылып, оянған ұрпақтардың өзекжарды пікірін білдірді.

Мерей тойға төрт ауыл болып (90-үйден астам) киіз үй тігіліп, ат шаптырылды, салтымызға сай нақышты, салтанатты той болды. Барақ пен Алакөбіктің жекпе-жегі сол қалпында театырландырылған көрініспен баяндалды... Мұның бәрін ауызбен айтып, хатпен жазып жеткізу мүмкін емес, тек көру керек, сезіну керек.

1759 - 1761 жылдары Волга қалмақтары Жайықтың сыртына шығып қазақтарға шабуыл жасап, жаулаған жерлердің халқын шұбыртып басып кіре бастады. Бұл да 1723 жылғы «Ақтабан шұбырынды Алакөл сұлама оқиғасынан» кем түспеді. Міне осы тұста еңіреп туған ер Барақ 18 жасында еліне танымал болды.

Бүкіл қазақ халқына сын сәт түсіп, қалмақтың Алакөбік батыры Ұлы жүздің Жыға батырын өлтіріп, Орта жүзден ешкім тәуекел ете алмай, Кіші жүздің тұсына ат ойнатып тұрған қалмаққа, 80-жастағы қолбасшы өзі шықпақ болғанда ақбоз атты жас батыр Барақ, жекпе-жекке шығып Алакөбікті өлтіреді. Сөйтіп қалмақтың 6000 қолын талқандап жеңіске жетеді. Еліне қорған болған ұлт жанды Барақ батырды бүкіл қазақ халқы қадірлеп ауыздан-ауызға жыр етіп айтып келген. Бұл оқиғаны халық ақыны, жыршы Тілеумахамбет Аманжолұлы (1865-1935) Асау - Барақ жырын 1914 жылы қағазға түсіріп жырлап өткен. Кеңес үкіметі кезінде ұлтжанды батырды жариялау мүмкін болмай келген еді. Сол «Қумолда» атанған ағамыз Тілеумахамбет жырында Барақты былайша сипатталады.



Қазақ қазақ болғалы,  
Қонысқа қазақ қонғалы.  
Қазағым деп баяндап,  
Бір азырақ толғалы.  
Төрт төңірек жау болып,  
Атысып қазақ күн көріп,  
Баланы жаудан қорғаған.  
Орыстан бұрын қазақтың  
Қалмақ еді бір жауы... - дей келе  
Бұл дүниенің жүзіне,  
Келген екен үш Барақ.  
Бірінші Барақ дегенім -  
Шыңғыстан ұлы хан Барақ.  
Алакөбік батырды,  
Өлтірген жоқ бұл Барақ,  
Екінші Барақ дегенім -  
Қоныстың ұлы Құлбарақ  
Алакөбік батырды,  
Өлтірген жоқ ол Барақ.  
Үшінші Барақ дегенім -  
Қарақойлы Табыннан  
Сатыбалды ұлы ер Барақ.  
Өлтірген еді сол Барақ

- деп, оның ту ұстаған аруақты батыр екенін ерекшелейді.

1785 жылы Сырым Датов көтерілісінде Барақтың қолы - 2000, Тіленшінің қолы - 1500, ал Сырымның өз қолы - 2700 сарбаз болды - деп жазылған қазақ тарихында.

Міне бұл жерден Барақ атамыздың қол бастаған батыр, тарихи тұлға екенін көреміз.

Әбілқайыр хан өлген соң ханның төрт ұлы хандыққа таласып үлкен ұлы Нұралы кіші жүзге хан болады. Нұралының қазаққа жасаған зорлығы үшін Әлім мен Жетіру өкпелеп бөлініп кетіп, Айшуақты хан деп таниды. Нұралы хан Айшуақтың абройы асқанын көре алмай Павел патшаның Орынбордағы жарты патшасы Романовқа шағымданады. «Ақсақмайыр» аталған губернатор Айшуақты шақыртып алып Сібір айдатады. Айшуақ Бараққа хат жазып құтқаруын өтінеді. Айшуақты құтқару жолында болған соғыста Асау батыр 12-жасында көзге түсіп, Ақсақмайырды ша-

шынан сүйреп қорғаннан алып шығып тұтқындайды. Сөйтіп Айшуақты Сібірден қайтарып алдырып Асаудың ерлігі барша жұртқа жайылады.

Барақ батыр елінің елдігін сақтаумен қатар, туыстас халықтардың да амандығын қорғаған. 1790-1804 жылдар аралығында Хиуа ханы Әуез инаққа қызылбастар шабуылдаған кезде, түркі тілдес түбі бір халықтың мүддесін қорғап жауын қуып жеңіске жетеді.

Сондықтан да алты Алаш, Ата түріктің қамын ойлаған аруақты батыр аталарымызды ардақтап, есімдерін әйгілеу баршамызға борыш емес пе?

Алдаберген Амандық Қалиұлы 1993ж.

### **Батыр Барақ пен Пір Бекет**

Ежелден Табын мен Адай төскейде малы, төсекте басы қосылып, жауын бірге жауласып, арын арласқан куда-жекжатты, қатар көшіп қонған тату ел болған.

Бекет атаның 260 жылдығын атап өту қарсаңында ел азаматтары ақпарат құралдары арқылы естігендерін айтып, газет беттерінде ата жайлы тың әңгімелерін жариялап жатыр. Менде Пір Бекетке байланысты айтылған деректерді, аңыздарды қалт жібермей оқитын жанның бірімін. Бекет жайлы жарық көрген кітаптар мен жарияланған мақалалар ішінде көне көз қарттардан мен естіген Батыр Барақ пен Пір Бекет аталардың кездескендігі жайлы екі әңгіменнің жоқтығын ескеріп айта кетуді жөн көрдім.

Бұдан біраз жыл бұрын Қызыл-төбе аулында өткен садақада бас қосқан қарттар арасында, ата ұрпағы Аяу молдамен табақтас болдым. Ол аталарының Табын тайпасымен бірге Үстіртте, Ақтөбе аймағында бірге көшіп-қонып жүріп, құда-жекжатты болғаның, өзінің нағашысы табын екенің әңгімелеп отырып, аруақты батыр Барақ пен Бекет атаның кездесіп, бірін-бірі сынасқаны жайлы әңгіме айтты. Аталар жоғарыда айтқандай нағашылы-жиендігі бар, еліне есімдері тараған қасиет қонған жандар болған. Екеуі жем өзені бойында кездесіп, аман-саулық айтысып болған соң, Бекет Ата:

- Нағашы, сені ел Алланың қасиеті қонған батыр деседі, сол кереметтерінді көргім келеді-дейді.

- Менің де сені кездестіріп, сондай құдіреттерінді көрсем деген ойда едім - депті Барақ.

- Жасын да, жолын да үлкен ағасың, алдымен өзін баста.

Сонда Барақ ата ағып жатқан өзеннің суын тоқтатып, қақ жарып ары-

бері өтеді. Бекет риза болып, «Ал, енді менің өнерімді көр» деп, өріп жүрген бір топ киіктердің жанына Барақты апарып,

- Анау киіктердің бірін ұста, тамақтанамыз - дейді.

- Алдымен атып алмаймыз ба?

- Жо, жоқ, қашпайды-деген соң киікке барса, ол байлаулы тұрады. Сөйтіп екеуі киікті сойып, пісіріп тамақтана бастайды. Барақ оң жамбас жілікті қолына алып жемек болғанда Бекет: «Нағашы киік сүйегіне тісінізді тигізбегейсіз» деп ескертеді. Бұлар етін жеп болған соң, Бекет киіктің сүйектерін жиып алып, дуға оқып қайта киік етіп тірілтіп жібереді. Киік үйіріне қарай оң аяғынан ақсай басып бара жатады. Бекеттің құдіретіне тәнті болған Барақ «Ол неге ақсап барады» дегенде - Ескертіп едім ғой тісін тимесін деп, сенің тісін жаралаған ғой-дегенде Барақ:

- Алланың саған дарытқан қасиетерін көрдім, ризамын. Енді болашағымызды болжайық. Ол үшін анау төбе басынан екеуіміз екі құдық қазып, шыққан суын көріп болжам жасаймыз - депті. Екеуі төбеге шығып екі құдық қазады. Судың шығуын біраз күтіп болған соң Барақ Бекетке «Жасын кіші болсада өнерін үстем жансың, жол сенікі менің құдығымды көріп кел» дейді. Ол барып қараса Барақ құдығындағы суда үш аққу мен бақа-шаяндар құжынап тұр екен. Барақ барып Бекет құдығын қарап онда тұп-тұнық суды көреді. Ал көргенінді айт дегенде Бекет:

- Аруағын үш ұрпағына жетіп, ар жағы ұсақталып кетеді.

- Сенің құдығын тұп-тұнық Пірлігін өзіңмен мәңгіге кетеді - деп, бір-бірінің болашағын болжаған екен екі елдің қасиет қонған аталары. «Ердің соңы Есет, Пірдің соңы Бекет» деген сөз осыдан қалса керек.

Ал, екінші әңгімені табындар жайлы деректер жйнап жүріп, Қарақалпақстанның Тақияташ қаласында тұратын шежіреші Теңел ағамыздан естіп, оны айтуды ыңғайсыз көріп жүрген едім. Менің төрт-бес атадан бергі нағашыларым адай руының қырықмылтығы болатын. Олар кейде сөз арасында зілсіз «жау табын» деп қалатын. Мен олардан «бұл атау қалай шыққан, неге байланысты шыққан» десем бірі құдық басындағы төбелесте мерт болған жайды, ал кейбіреуі қалындығын алып қашқанда қаза болған оқиғалар жайлы әңгімелер айтқан еді. Теңел ағадан Табын мен Әлім арасында болған үлкен дауда табынға танылған «Шаңдаяқ табын» атауы жайлы әңгімені жазып алып, осы «жау табын» атауы қалай шыққан дегенде:

- Бұл атауды білгендер айтпайды, ал білмегендер атап, өздері ыңғайсыз жағдайда қалады - деп, айтқаны:

...Маңғыстаулық Адайлар мен Түрікпендердің бірін-бірі шауып жауласқан бір шайқаста шейт кеткен адай жігітерінің жесірлерін әменгерлік жолмен алуды ұсынған ру басы қарияға бір теңтек батыр (тегі мен атын атамай кетуді жөн көрдім.) мақтанып, «Мен мына Табындарды шауып содан жесір әкелем»деп лепіреді.

- Қой, балам, олай деме құда-жеқжатты тату елміз, олардың да Барақ атты аруақты батыры бар - дейді қария. Сонда әлгі мақтаншақ батыр - Біз «Барақ» деп иттің атын атаймыз - деп, Бараққа тіл тигізеді. Парықсыз батырдың қылығына налыған қария, «Елге кесірін тимей, бәле өз басына көрінсін» деген теріс батасын беріпті. Арада күндер өтіп, бұл сөздер қатар қонған елдегі Бараққа да жетеді. Сонымен әлгі «тентек батыр» арманы болған Барақты шабуға мың қол жасағымен аттанады. Барақта өз қолымен қарсы аттанып, екі қол «Боқты қарын»деген жерде кездеседі. Бұл қақтығыста «тентек» батырдың қолының жартысынан көбі қырылып, жеңіліс табады. Қашқан батыр елді дүрліктіріп, - Табын жау боп келеді - деп, жар салады. Бұл әңгімені Теңел аға ықылассыз айтып әңгіме аяқталмай қалған еді.

2008 жылы Ақтаудағы тифографияға бармақ оймен ертелетіп 101-ші автобусына мініп, артқы бос орынға жайғастым. Қасымда отырған алпысты алқымдап қалған орта бойлы, үстінде жұмыс киімі бар кісі, менің ақ шашты үлкендігіме карамай, менен бұрын сөз бастап, руымды сұрады. Бұрындары Маңғыстауда 45 жыл тұрсамда кімнің қай рудан екенің білмейтінбіз. Соңғы кезде етек алған рушылдық әдет пе, әлде көптеп келіп жатқан оралмандардың тегін білуге қызығушылық па сөздің басы сәлемнен бұрын рудан басталатын болды. «Табынмын» дедім қасымдағыға жартылай бұрылып отырып.

- Ә, «Жау табын» екенсің ғой - деді маған күлімдей қарап.

- Ия, сен бұл атаудың қайдан шыққаның білесің бе? - дедім оған тесіле қарап.

- Жоқ кейбіреулер солай деген соң.

- Онда білмесең, тыңда - деп, жоғарыдағы әңгімені айтып бердім. Ол үнсіз тыңдап отырып «Ә, бұл әңгіме Бекет пен Барақ батырдың баталасқан сәті осы екен-ау» деп менің Теңел ағадан естіп, аяқталмай қалғанған әңгіме жалғасын айтып берді.

...Содан жеңіліс тауып қашқан «Тентек батырдың» қолының ізіне түсіп, тіл тигізген тентекті жазаламақ оймен ашулы Барақ батыр келе берсін. Ел шетіне жете, қашқан батыр «Елге жау шапты, табындар жау

боп келеді» деп байбалам салады. бұл хабар ер Бекетке де жетеді. Қолды бастап келе жатқан Барақ екенің, оның тентектің сөзіне ашулы екенің білген Бекет, ел бірлігін сақтау мақсатында жолға шығады. Екі қол Қара таудың маңында кездеседі. Барақ қолы таудың басында, Бекет қолы тау етегінде болады. Бекет сөз бастап «даты» барын айтады. Ашулы Барақ «Айт датынды» - дейді қаһарланып.

- Қалай айтам, екеуміз тең жағдайда емеспіз. Сен қырда, мен ойда тұрмыз.

- Кел, онда қасыма - дегенше болмай,

- Екеумізде ел бірлігін ойлап, имандылық жолында жүрген жандар едік қой. Бұл қантөгісің қалай? - деген Бекет дусы жоғарыдан саңқ ете қалады. Барақ жоғары қараса Бекет атымен жоғары көтеріліп кетіпті. Бекеттің кереметің көріп, ашуы тарқаған Барақ күлімдеп қасына келуді өтінеді. Сол кезде Бекет ата атымен Барақтың жанына «дік» етіп түсе қалады. Ашуы тарқаған Барақ батыр Бекетті аттан түсіп құшағына алады. Сол жерде дау бітіп, Адай Табын жауласпауға анттасады.

...Арада жыл өтпей-ақ бұл анттасудан хабарсыз бір адай жігіті Барақ жылқысын барымталап кетеді.

Барақ жігіттері барымташыны қумақ болғанда Барақ ата:

- Жоқ кумандар. Ол жылқыларды өзі айдап әкеледі. Біз Бекетпен анттасқанбыз - деп жата береді.

Барымташы еліне жете бере үсті-басы қотыр болып жара шығып іри бастайды. Бір киеге тап болғанын сезген жігіт жылап Бекет атаға барады. Бекет мән жайды біліп «аңт атқан екен, өлесің, егер Барақ рахымшылық етсе аман қалуын мүмкін» дейді. Әлгі жігіт жылап-еңіреп жүріп, Барақтың жылқысына айып қосып, айдап әкеліп, кешірім сұрайды. Барақ рахым етіп жарасынан жазылған жігіт еліне келіп киелі анттасуды елге жайяды. Бұл киелі екі атаның аңты берік сақталып екі елдің ынтымағы бұзылмай келеді.

## **Барақ пен Асау батырлар**

*(«Мұнайлы» газеті 13.08 2010 ж.)*

«Кіші жүзді найза беріп жауға қой» деп, Қазақ елі тегін айтпаса керек. Ел басына күн туып, сыртқы жаудан қорғану кезінде жау өтінде болып, аса ерлік көрсеткен батырларының көптігінен айтылған сөз болар. Осындай елін, халқын Қалмақ пен Жоңғар шапқыншылығынан қорғап елге есімі таралып, аты аңызға айналған бабаларды халқымыз

ешқашанда ұмытқан емес. Аталарымыз олардың есімдерін ардақтап, ғасырлар бойы атадан-балаға, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, Отанды сүюге үндейтін үлгі ретінде айтып келеді. Міне, осындай жылы лебізге, қадірі кетпес құрметке ие болғандар: Барақ батыр Сатыпалдыұлы (1743-1840), оның ұлы Асау (1763-1866) еді.

1991 жылы Қазақстан Республикасының егемендігін алып өз тарихын, өзінің ардақтыларын, елің-жерін қорғап өткен батырларын ардақтау салтанаттары өткізіле бастады.

1992 жылы Барақ атаның Бейнеудің Тұрыш жеріндегі кесенесінің ашылу салтанатына Маңғыстау, Алматы, Ақтөбе көрші Қарақалпақ, Түркменстаннан және де басқа елдерден қонақтар қатынасып үлкен той өткізілді.

1993 жылғы 12-13 маусымда Ақтөбе облысының Байғанин поселкесіндегі Қарауылкелді станциясында қазақ елінің елдігін, бостандығын сыртқы жаудан қорғаған аруақты Барақ батырдың 250 жылдық, ал Асаудың 230 жылдық мерейтойларын атап өтті. Қазақ халқының тарихында жазылмай келген, тұншыққан деректер жарыққа шықты. Ел қуанды.

Бұл тойда да төрт ауыл болып үйлер тігіліп қонақтар күтілді. Ойын-сауық, спорттық шаралар, жыр-термелер айтылып есте қаларлықтай деңгейде өтті.

2008 жылы Маңғыстау, Ақтөбе, Алматы Өзбекстан, Түрікменстан Қазақ қауымдастығына өкілдер жыйналып, Бейнеу ауданында бас қосып жиын өтті. Сол жиналыста Барақ ата қорымының қараусыз қалып, тарихи жәдігерлерінің бұзылып, құм басып тозып бара жатқаны айтылды. «Асау-Барақ» қорының жұмысы аяқсыз қалып осындай жағдайға келуі сөз болып, жаңа «Асау батыр» қоры ашылып, шырақшы тағайындалып, жаңа тілеухана үйін тұрғызу жоспарланды. Жаңа-Өзендік бауырымыз Қайрулла өзі жасаған жобасымен құрылысты бастап «Көп түкірсе көл дегендей Алматылық, Маңғыстаулық, Ақтөбелік, Қарақалпақстаннан келген ақшалай қаржыларды біріктіріп және Шетпе ЖШС «Мырзабек» тас қарері Жаңаөзен, Бейнеу, Ақтаулық кәсіпкерлердің ақшалай, заттай, көлікпен көрсеткен көмектерің арқасында, Тұрыш аулындағы Барақ қорымында көлемі 20x15 метр болатын «Тілеухана үйі» салынды.

Биыл 2010 жылдың 24-25 маусым айында сол ғимараттын ашылу салтанатына Барақ ата қорымы жанынан жиырмадан астам темір үйлер тігіліп Ас берілді. Батыр бабаның атына арнап құран оқылып, 2000-ға

жуық келген қонақтар аруақты Барақ атаға зират етті. Осы тойда жас жыраулар өзін таныстырып, М. Назаров Барақ жырын жырлады.

2013 жылы осындай еліне қорған болған ұлт жанды батырларын бүкіл қазақ болып, мемлекеттік деңгейде **Барақ батырдың 270 жылдық, Асау батырдың 250 жылдық** мерей тойларын атап өтуге азаматтар атсалысар деген ойдамын.

*Ардагер теміржолшы А.Қ Алдаберген 2010ж.*

### **Боштан палуан**

Табынның Қарақойлы-Қоңыр саласынан шыққан атақты палуан Боштан жайлы әнгімені «Актюбинский вестник» газетіне 1999 жылы Шайдулла Ниетуллаұлының берген сұхбатынан ықшамдап бергелі отырмын. Ол өте ірі денелі, батыр тұлғалы, алып кісі болған. Денесінің ірілігі сонша киіз үй есігінен қырынан кірмесе екі иығы кептеліп қалатын болған. Оның салмағын басқа аттар көтере алмағандықтан, ол өзінің ірі Ақбоз тұлпарын ғана мінген. Ол жастайынан күреске түсіп, қарсыласын екі қолымен тік көтеріп алып лақтырып жіберетін болған. Бір күні оған Хиуаға келген күрестін әр түрін білетін түрік палуанымен белдесуге тура келеді. Боштан оны қапсыра құшақтап тік көтеріп кетпек болғанда түрік палуаны сытылып шығып кетеді. Енді түрік палуанны Боштанның қолына жабысып тәсіл жасамақ болғанда, ол оның екі қолын қапсыра қысып ұстап, тік көтеріп жер жастандырады. Оның мол қуатының тағы бір айғағыбылай болған еді. Әлім аулында өткен үлкен аста бәйгіден аты келген оның жақын туысына Ас иесі қиянат жасап, бәйгеге тігілген асау атты бермейді. Ол туысы Боштанға барып шағымданады. Боштан 60-тан асқан жасына қарамай Әлім аулына барып, арқандаулы тұрған бәйгіге тігілген аттын арқаның қиып, аттың жалынан тік көтеріп алып, Ақбоз атының қапталына сәл қисайып, қолтығына қысып кете береді. Оның қайратына тәнті болған ауыл адамдары «Әділет жеңді, бәйге солардікі» деп, ас иесін көндіреді.

**Қисан қиюшы** «Ақтөбе» газетінде 17 сәуір 2003 жылы жарияланған Мақсат Илиястың Қисан ата жайлы туыстарынан алған сұхбатына мәлімет келтіремін. - Байғанин ауданының Абай аулында ұлы қасиетке ие болған Бозақарұлы Қисанның бейітінің басындағы құлыптаста: «Руы табын, Қарақойлы тайпасы, Жоли 1885-1963 жыл.»- деген. Бұл адамның қасиеттері жайлы айтар болсақ, емшілікпен айналысып заманында небір ауруларды дуға оқып жазып, тамыр қиюшылықпен айналысып, көптеген



адамдарды науқасынан айықтырған. Сөйтіп халқының сауабын алып атағы шыққан. Хисанның жиені-Қазыбек Кисановтың мәліметтері бойынша коллективтендіру науқанында елден қашып, Қарақалпақстанға барған. 1931-32 жылдары сол кездегі үкіметтің қоңыстандыру саясаты бойынша Әулеата (Жамбыл) жеріне көшкен мың үй отбасымен бірге келеді. Ағалары Қалқан мен Жақсылық Аса өзені бойындағы Рахат колхозына орналасып, Қисан немере інісі Әли Жиханмен Молотов колхозына мүше болып ұсталықпен айналыспады. Сталиндік қатал кезеңде балалардың қой ауруын қию, тағыда басқа сүндеттеу тәрізді кішігірім емін, салтын, жасырып жасап келеді. 1956 жылдан өмірінің соңына дейін Темір, Ойыл, Ембі, Жұрын аудандарынан Сағыз бойынан, Атырау облысынан адамдар көптеп келіп, қона жатып қаралатын. Олардың мандайы, мұрыны, самайынан қан алу арқылы емдейтін. Ескіше сауаты бар, кішкене кітабын ашып қарап отыратын. Ол кітап қазір баласы Жүсіптің үйінің төрінде ілулі тұр. Ал, қиятын шаппасы біздің үйде сандықта сақтаулы. Мен ол кісіні «кәке»-деп атайтынмың. Кәкем көз жұмардан екі күн бұрын мені қасына шақырып алып, мынадай өсиеттерін айтты: -Қабірімді, тұрған адамның кіндігіне дейін келетін етіп қара таспен қала, басқа ештеңе пайдаланба, бетімді жапқанда өзімнің дайындап қойған ағаштарым бар, соны пайдалан, мұхият қарап, шегесі болса алып таста, әйтпесе ауыр болады. Сонан сон сүйегіме Әли ағаң ие болсын, ал «белгі тасты» тұтас тастан шаптырып қой. Жаңазамды Жем колхозындағы Шымқайдың баласы Аразмағамбет жиенге шығартарсын. Содан кейінгі аманаты төртінші әйелі-Нәбирадан 60 жасында көрген 10 жастағы Жүсіпті жеткізіп адам ет- деген еді. Кәкемнің барлық тапсырмалары орындалып, Жүсіп қазір жоғарғы оқу орнының бітірген азамат.

**Өмірзақ Өтепбергенов**-1924 жылы туылған. Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстанның үздік мұғалімі. – Бозақарұлы Қисан ағамен таныстығым 1939 жылы болды. Темір қаласындағы орта мектептің 9-класын бітіріп ауылға жаяу келе жатқан едім. Бәшенкөлдін тұсынна жете бергенде артымнан ұзын ірі денелі, қою қабақты биеге мінген кісі қуып жеті. Менің шаршаған түрімді көріп атына мінгестіріп алған мейірімді кісінің Қисан екенің кейін білдім. Қопа колхозының атақты жылқышысы Дүйсенбі Дәуғариннің жылқыларын емдеп келе жатыр екен. 1949 жылы «Жем» колхозының жылқышысы ағам мені жұмсап, «Қисанға апарып көрсетіп қайт» - деп, тұмай жүрген екі биені беріп жіберді. Қисанның жем өзенінің Молотов колхозындағы аулына бардым.

Ол өзен бойындағы кең алқапта қой бағып отыр екен. Келсем, баяғы та- ныс ағай. Менің қасыма баласы Қазыбекті ертіп шығып, екі асау биені жалғыз өзі жығып, пышағымен қиып, жолға салып жіберді. Содан екі ту биелер ауруынан құлан таза жазылып, келесі жылы құлындады. 1959 жылы Берік атты ұлым науқастанып, дәрігерден ем қонбай Қисан қиюшыға апарып, қйдырып құлан таза жазылып кетті. Қисан қарапайым, өте қарулы малға да, адамға да емі қонған абзал азамат еді. Тағы бір Тұрғали Жұмағалиев және Тауан Тәженов деген азаматтар да бала кезінде қатты ауырып, Қисан атаның қабақтың арасы мен мұрынның ұшынан қан алынып айыққандарын айғақтайды. Сонымен қатар Тауан аға Қисан атаның қию тәсілі арқылы тамағы ауырып өлі халіне жеткен Атанғарина, Набат Шантикова, Раушанова, Тайғанина дегендерді емдеп жазғаның өз көзімен көргендігін айтады. Бала көтермей жүрген Кербез, Шолпан атты жас келіншектерді де қиып емдеп, перзенті болғандығына күгер екендін айғақтайды. Ертеректе, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депута- ты, «Еңбек ері», Темір ауданының атақты жылқышысы - Дәуғариннің жылқысы маңқа ауруына шалдығады. Оларды бүкіл Қазақстан бойынша мал мамандары жаза алмаған. Тіпті Мәскеуден келген мал дәрігерлері де дәрменсіз болады. Содан адам емдейтін Қисан қиюшыны шақыртып емдеуді өтінеді. Қисан келе жылқыларды қиып, киенкі ауруын тоқтата бастаған. Мұны көрген Мәскеуден келген мал дәрігері «Кәсіби мал мама- ны» деген диплом тапсырып кетен. **Зиядин Оразғалиев** зейнеткер - Мен Қисанмен бала кезімнен бірге болдым. Ол кісі қиюшылықпен қатар, кітап ашып жүйке ауруларын да емдейтін. Оған басы ауратын, сал болғандар, тіл-көз, бала тұрмайтындар да көрініп, оны оқып көшіретін болған. Ол құрөзек, құрқұлақ, итtime, өтеу, бедеу таңдай, тіс және қантамырлары ауруларын да емдеп жазған Молотов колхозының Шибұлақ пунктінде оның көрік басатын шеберханасы болды. Бір күні косилкам (шөп ша- батын машина) сынып екі өгізбен ауылға келе жатқанда, өгіздерім ала қашып, көрік үйдің босағасына соғып, есігін құлатып кетті. Имене ішке кірсем, көріктің қасында Қисекен көк терге түсіп отыр екен. – Ауырып отырған жоқсыз ба? - деп сұрадым. – Жоқ, ауырған жоқпын. Көрікті тұтата бергенде екі пері «Бұл жерден кет» деп дуға оқыды. Мен қарсы оқып, киналып отырғанда есік құлап, перілер қашып, сен келдің. Содан Қисекен «ол жердің иесі бар екен»деп көрікті басқа жер- ге аударды. Жын-перілердің жолы болған әлгі жерге қоңыстанған екі бала мен олардың анасы науқастанып, Қисанның айтуымен ол жерден

көшіп, науқастарынан айығады. Қиюшы, емші-Қисан атамыздың киелі қасиеттерін айғақтайтын деректер өте көп. Атамыздың жатқан жері жайлы болып, аруағы ұрпақтарын қолдай жүрсін демекпін.

### **Елге таңымал болған Жоли ұрпақтары**

Мен, 2012 жылдың 30 тамызда Алматының Қаскелең қаласының Қарасай ауданындағы Райымбек ипподромында Жоли баба мен Сарман ата аруақтанрына арнап берілген Асқа Ақтау қаласынан арнайы барып қатынастым. Асты **Мұқамбетқали би, Аманжол. Зейнадин, Көбейлер** алқалық етіп, Алматылық бауырластар ұйымдастырған екен. Асқа көп үйлер тігіліп, 2000-дай ағайын-туыс, қонақтар қатынасып, аталар рухтарына құран бағышталды. Қазақ халқының ұлттық: күрес, бәйге, қыз қуу, аударыспақ, арқан тарту ойындары өтіп, тағыда басқа ән жыр айтылып, өте әсерлі болып өтті. Аталар жайлы тарихшы филлогия ғылымының докторы, професор Аманжол Қалышұлы баяндама жасап, Асқа қатынасқан қонақтардың лебіздері тыңдалды. Асқа келген ағайындармен кездесіп, бабалар жайлы көп мәліметтер естідім.

Қазақстан Жұрналистер Одағының мүшесі-ақын Марат Қабиджанұлының осы Асқа арнап әкелген «Ар-намысты бәрінен де биік ұстап, жүретін қазағыма Сарман керек» атты арнау жырын тындап риза болдық.

Ақ басты алатаудың бауырында,  
Жиналған дін мұсылман қауымына,  
Ақтөбеннің сәлемін ала келдім  
Ас берген Жоли-Сарман ауылына.

Аманба асқа келген асылдарым,  
Жақсылармен кездеуге асығамын  
Құран оқып ата-баба аруағына  
Алатаудан естіліп тұр асыл әнім.

Қоңырда-Досжан қазірет, Тінембайлар,  
Сағырда күміс көмей Таңжарбай бар.  
Екібастан Асқаралы батыр шықты,  
Жоли, Сарман тарихтың төрінен орын алар.

Батыр болмас жүрегі қолдамаса,  
Ақын болмас іштегі шер қозғалмаса  
Жауызды тұзақтауға ақыл керек,  
Аты шықпас алла ісін оңғармаса.

Мәнісай мен Шаған аққан суға толып,  
Еліміз жүрген самда көшіп-қонып.  
Өсіп-өнді қарақойлы ұрпақтары  
Қоңыр, Сағыр, Жоли, Екібас болып.

Деректі сөз айтуға ақыл керек,  
Ақылмен ойласпайма батыл жүрек.  
Ар-намысты бәрінен де биік ұстап,  
Жүретін қазағыма бүгінгі күн Сарман керек!

### Тәжіғали аға

Қарақалпақстан жазушылар одағының мүшесі, дүние жүзі Қазақтарының 1 және 111-ші Құрылтайының делегаты болып сайланған, Қауымдастық жанындағы ақсақалдар алқасының белсенді мүшесі-Тәжіғали Темірқұлұлы 1936 жылы Нөкіс қаласында дүниеге келген. Ол Қарақалпақстан Мемлекеттік педагогика институтының қазақ тілі-тарих факультетін бітірген. Еңбек жолын мұғалімдіктен бастап, мектеп директоры, Қарақалпақстан ішкі істер министрлігінің саяси тәрбие бөлімінің бастығы, Республикалық мұнай өнімдерін жетістіру басқармасы бастығының бірінші орынбасары қызметтерін атқарып, 1995 жылы зейнетке шыққан. Білімді, парасатты, ақын-жазушы Жоли баба ұрпағы Тәжіғали ағаның жинаған мұрағаттарымен танысып, бабамыздың Жылыс ұрпағы Боқан батыр жайлы деректер алдым.

**Боқан батыр** атақты Барақ батырдан екі жас үлкендігі бар, аса қайратты болған. Ел намысын қорғаған батырға халқы ардақтап, қарақалпақстандағы өзі жайлаған таудың атын беріп, «Боқан тау» аталуы оның елге әйгілі батыр болғандығының айғағы. Тағы бір дерек атақты балуан әрі би Әжнйаз жайлы.

**Әжнйаз би** Хиуа ханының мөрін ұстаған өз дәуірінің ең атақты, абройлы биі. Тарихта белгілі Хиуаға атты шыққан қарулы, қайратты би атағын алған адам. Оның би аталуының кішкене тарихы да бар. Хиуаның ханы Сейтмұхамед бүкіл Хорезім ойпатына сауын айттырып, даңқы алысқа

кеткен, көп елдерден қонақтар шақыртылып, елге әйгілі жүйрік ат, майталман жорға, атақты балуан, мерген тағы басқа да өнерпаздарды қатынастырып, үлкен Ас береді. Тойда күрес басталып, Иранның «шынжырлы» палуаны күреске шыққан қарсыластарының бәрін жығып, ханға « маған қарсы келер тағы да палуанын бар ма?» деп айқайлайды. Хан, - Мына құтырған «қызылбасқа» қарсы шығар бір ұл тумағаны ма?-деп камығып тұрғанда, 19 жасар Хиуа медресесінің шәкірті, Жолидың Жылыс ұрпағы Әжнйаз ортаға шығады. Хан батасын беріп, Әжнйаз әпсәтте аюдай ақырып мақтанып тұрған ирандықты шалқасынан түсіріп, жеңіске жетеді. Бүкіл хорезім елін мазақ еткен сырт елдің балуанын жығып, ел намысын қорғап қалған Әжнйазды хан сарайға шақырып, он қолы етіп, сый-сияпатын көрсетіп, қолына мөр беріп «Әжнйаз би» атанады. Жоли ұрпағы иеленген сол мөр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, **Одақбай би, Нысанбай би, Ержан билер** Амударияның арғы жағына билік еткен. Тағы бір шешендігімен Хиуа ханың таң қалдырып бас игізген Жоли ұрпағы **Қайпы би** болған. Оған хан Қоңырат елін билеуді ұсынып, көп жер берген. Ол Жоли бабасындай мырзалық жасап, жібек жолы бойына қонақ үй салдырған. Қырдан келген қазақтар сол жерге қонып, базарын базарлап қайтатын болған. Жылыс жолидың ұрпақтары оқыған ілім-білімді болып, олардан ақун, ищандар көп шыққан. Хиуа хандығы құлаған кезде Жоли **Сейілхан** Хиуа Республикасының оқу министрі міндетін атқарған. **Сейтнйаз ақун, Қарақум ищандар** мешіттер салдырып, медреселер ашқан. Осындай оқымысты **Мамыт ақунның ұлы Жақсылық жырау** бесқалада алдына жан салмаған атақты Жоли жырау атанған. Оның шәкірттері-**Дариябай, Құдайберген, Төребай жыраулар** елінің ақтандай жыршылары болды.

Кеңес дәуірінде коллективтендіру басталып, бай мырза, би, молдалар қудаланып, қашып көшу салдарынан ашаршылық болып, ел қырғынға ұшырады емес пе? Сол себепті Әулеата жерінің халқы сиреп қалып, үкіметтің арнайы жарлығымен Қарақалпақстаннан 1000 үй отбасы Әулиеата жеріне көшіріледі. Міне осы көшпен келген **Отмағамбер бидің бауырлары-Досан би, Өтеш билер** Ұлы Отан соғысы кезінде соғыс балаларына бас-көз болып, қамқоршы болады. Елге қадірлі Өтеш бидің немересі **Мамытұлы Абылай** үш жоғары білімі бар Маңғыстаудағы ірі кәсіпкер. Өзен қаласының ірі кәсіпкері **Сабырұлы Амангелді** де еліне силы азамат.

Сөзге шешен шешіреті **Досан би атаның баласы Тіржан** інімнің жинаған мұраларын сөйлетіп көрейік.

**Қодар Қалмұратұлы**-Жоли бабаның Жылыс Ата ұрпағынан шыққан атақты қайраткер тұлға. Ол, 1007 жылы Қоңырат жерінде дүниеге келеді. Еңбек жолын 14 жасында қойшылықтан бастаған ол, Төрткүл ауыл шаруашылық техникумын бітіріп шығып, Беруний, Қоңырат, Хожаелі, Шымбай райондарының МТС директоры қызметін атқарады. 1941-1955 жылдар аралығында партия қызметтерінде болып, Кегейлі, Қараөзек аудандарының бірінші хатшысы, обком партияның ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі болып істеп келіп, Өзбекстан обком партиясының хатшысы қызметтерін атқарады. Қодар Қалмұратов Қарақалпақ АССР-ының Орталық Партия Комитетінің мүшесі болып, екі кезек Жоғарғы кеңесінің депутаты болды. Ол, Қарақалпақстанның ауылшаруашылығын өркендетуге үлесін қосқан қайраткер тұлға азамат.

Қарақалпақстанның белгілі заңгері, көп жылдар бойы Республикалық соттың төрағасы, бас прокуроры қызметтерін атқарған Жоли атаның ұрпағы **Жарманов Қазмағамбетті** айтпасқа болмас. Ол азаматта заманның небір аумалы-төкпелі кезеңдерін басынан өткеріп, елдің адамдарына қорған бола білген, халқының алғысын алған тұлға болған. Жамбыл облысында екі рет «Еңбек ері» атағын алған алтын жұлдызды **Жақсылық ұлы Ақын** еліне таңыман азамат болып өтті. . Ал енді «би» деген атауға келер болсақ, ол, ел сеніміне ие болған, шешен, ұшқыр ойлы, қара қылды қақ жарған-әділ ел намысын, арын арлап қорған бола білген тұлғаны атаса керек. Өткен заманда әр елдің, әр ру-тайпалардың, ақсақалдары, ру басы, билері болған. Қазіргі өркениетті мемлекеттерде ел билігі коститутциялық заңдарға негізделіп үкімет чиновниктері билік етеді. Әрине ары таза, әділ, елдің қамын ойлар басшы болса? Ал біздің Жоли баба ұрпақтарының мойындаған өз биі бар. Еліміздің белгілі ғалымы, филология ғылымының докторы, Жоли ұрпағы- **Аманжол Қалышұлының** 2002 жылы жарық көрген «Сүйеубайдың Асы» атты еңбегінде, Алматы ауылшаруашылық институтының инженер-механик мамандығын алған, ұлт жанды, халқының алғысына бөленген Жоли баба ұрпағы-Сүйеубайұлы Мухамбетқали жайлы әңгімелер баяндалады. Ол сонау студент кезінен-ақ Батыр бабаларымыздың тарихын қалыптастыруға жұмыстана жүріп, Алматыдағы қараусыз қалған Райымбек батырдың бейітінің басына кесене орнатуға ұйтқы болады. Оның бұл іске ұйтқы болды, атсалысты деу ғана аздық еткен болар еді. Ол осы күмбездің көтерілуінің бас-аяғына дейін жарғақ құлағы жастыққа тимей жүріп жұмыстанды. Ол тұрғызған екінші кесене Түркменстан жеріндегі

«Оғыздың құмында» қалған, ру басы, Жоли ұрпағы Сүйеубай атаға тұрғызған күмбез еді. Бұл жайлы ақын ағамыз Тәжіғали Темірқұловтың жазған жырларынан бабалар жайлы көп деректерге қанық боламыз. Былғалақ заманда елден кеткен бауырлардың егемендіктің арқасында Отанға қайта оралуларына жағдай жасалып жатқан мүмкідікті жүзеге асырып, елге оралғандарға көмегін көрсетіп қамқор болған азамат Мухамметқали Сүйеубайұлын -бауырластары «би» деп таныды. Сөйтіп Алматы өңіріндегі Жоли ұрпағының биі, ру басшысы-**Мұхамбетқали би**. Ал енді тегіне тартып таланты да, талапты болып туған Жоли ата ұрпақтарының кеңес өкіметінің әр қаласында жоғарғы оқу бітіргердері көп болды. Өзім куә болған 1963-64 жылдары Ташкент қаласының жоғарғы оқу орнындарында оқыған Шымбаев У, Көшетов Т, Төлемісова З, Өтениязов А, Нұртазаев Ө, Алдабергенов А, Тәжіғалиев Ж, Жолдасов Ө, Қожабаева З, Өтегенов К, Жұмашов У, Жылкелдиева Л, Ержанов Ө, Мұқашев Д, Жолдасов С. Отаров А. Бұлар бір ташкент қаласында оқып шығып, әр саланың маман кадрлері болып қызмет атқарған Жоли жастары. (төменде түскен фотасы бар). Ақтау қаласындағы табындардың биі болған **Тәуекелұлы Серік** аса дарынды бауырмал азамат еді. Оның 2000 жылы жазған «Ағаға толғау» атты өлең жолдары, оның ақын да екенің айғақтайтын еді.

### Сарман Ата

Қазақ халқының ішінен шыққан ойшыл, сөзге шешен, тапқыр адамдар жөнінде айтылып жүрген аңыз- әңгімелер көп-ақ.

Бір кездегі сондай әйгілі адамдар аңызға айналып, уақыт өте осындай ерекше, бір туар абзал аталарды әр ұрпақ өзіне теліп бәленше-түгеншенің әңгімесі етіп жатады.

Өкінішке орай кейбір абзал аталар жасаған мұралар, аты елге ертелеу тараған аңыз иелеріне тели салынады (Қожанәсір, Алдаркөсе т.б.)

Бала кезімде елдің үлкен қарттары «балам шыққан тегінді айтшы» деп жеті атамды айтқызбақ болатын. Мен сонда саусағымды санап:

- Табын, Табынның Қарақойлысы, Қарақойлының Жолиы деген кезде  
- Ө, ит сатқан Жоли екенсің ғой,- деп мейірлене күлетін. Мен қатты намыстанып, әрі қарай (саусақпен ата тізбектеуді) тоқтататынмын.

Өсе келе Сарман ата жөніндегі әңгімелерді естіген соң риза болып, мақтан тұта бастадым.

Ал енді сол ауыл қариялары айтқан Сарман ата жөніндегі әңгімелерді ұрпақтарға баяндап берейін.



Бұдан 30 жылдай бұрын Жұлдыз журналында жарияланған Ақмешіт (Қызылорда) өңірін мекендеген Табын Сарман би ата жөнінде жазылған мына бір мәліметтер санамда әлі күнге дейін сақталыпты.

.... Бұдан 300 жыл бұрын Сыр бойындағы Табын Сарман биге ел ақсақалдары жиналып келіп Хиуа хандығы қазақтың жеті батырын алдап шақыртып алып өлтіргені жәйлі айтып, **Сарман биге** Өзбектерден кек қайтаруды өтінген. «Сарман ку» атанып хивалықтардан кек қайтарған. Табын Сарман атаның да тағдыры сол ағалары тәрізді Хиуа ханынан ажал тауып тынады.

Ал аты аңызға айналған Сарман қуды Хива сарттарынан кек алуға итер-мелеген тағы бір жағдай, қыр қазақтарының ойға базарлауға керуен тартып барғанда «асқабақты қауын, бұрышты алма»-деп қыр қазағын келеке етіп күліп, малдарын арзан алып, мазақ болғанындығы да еді. «Өзбек өз ағам, сарт садағам» саудагер Хива сарттарының, дархан көңілді қазақты майда қылықпен алдауы да, Сарман атаның арын жаныған еді.

Сарман кек қайтаруға шығады. Әр халықта да кездесетін майдалық әрекет пен дүниеқорлық сөздер, саудагер сарттарға бағытталса керек.

Кең даладай, дархан пейілді қазақ ішінен шығып, пысықсынған сарттарға өнерін көрсеткен

### Ірі тұлға

Қазақтан шыққан талай-талай ірі бар,  
Қазірет ищан, Бекет ата пірі бар,  
Алдар көсе, Жиреншедей тұлға боп,  
Ел намысын қорғап өткен  
Ірі тұлға-Сарман ата қуы бар.

дей келе ел аузында сақталған Ата жөніндегі әңгімелерді баяндайын.

### Сарманның хан олжасын бөлуі

Хиваның ханы қасына еріткен үзәрі, нөкерлері бар бір көлдің басында құс атып, саят құрып жүреді. Ханның тобы біраз құс атып алып ханның алдына әкеліп үйеді. Санаса бес құс. Хан ойланып уәзіріне «мына құстарды екеумізге теңдей етіп бөл» дейді. Уәзір бес құсты теңдей етіп қалай бөлерін білмей қатты қиналады. Сасқалақтап тұрған ол түйелі қазақты алыстан көріп, тығырықтан шығар жол тапқандай қуанып қалады.

Қырдан атан түйеге мініп ойға келе жатқан Сарман көл басындағы

құс атып жүрген хан тобын көріп соларға қарай бет бұрады. Жолда қаңғалақтап ұшып келе жатқан бір шүрегей тартар құсты атып алады. Сөйтіп олжасын қанжығасына байлап хан тобына жақындайды.

Уәзір ханға:

- Хан ием, төрелігіңе құлдық, анау келе жатқан қазақты сөйлетіп қызықтайық. Сол шешсін сіздің бұл терең ойлы сауалыңызды – дейді. Хан өзі құрған тордан уәзірдің жол тауып кеткеніне масаттанып:

- Жарайды, келсін күтемін – дейді.

Сарман хан тобына жақындап келіп, түйесін шөгеріп сәлем беріп салт бойынша саятшылардың олжасынан сыбаға сұрайды. Хан аңғал қазақты бір мұқатып алмақ оймен :

-Мына атып алған бес құсты уәзір бөле алмай тұр еді. Сен сыбаға сұрадың, енді осы құстарды үшеуімізге теңдей етіп бөліп, үлес жаса, – дейді.

Сарман ханның ойын тез түсініп, өзі атып алған шүрегей тартар құсын қанжығадан шешіп алып:

Үлесіме үш үйрек,

Сыбағама қоңыр қаз.

Екі сартқа бір тартар,

Аққуды Сарман түйеге артар.

-деп хан мен уәзірге өзінің олжасын беріп, ханды сөзден жығып барлық олжасын алып кеткен екен.

### **Ит сатқан Сарман**

Жыл сайын қыр қазақтары (Жем бойы, Ойыл, доңыздау өңірі, Ақмешіт аймағы) ойға түсіп керуен тартып мал айдап барып Хива жәрмеңкесінен керекті заттары мен азық-түліктерін алып қайтады екен. Осындай керуен жасақтап Сарман ата Хиваға жақындап барып қонады. Жол- жөнекей сарттардан кек алу мақсатында жолда кездескен бір үлкен итті атып алады. Түнде қонған жерінде әлгі иттің бас – сирағын кесіп тастап жақсылап үйтіп, қонаға сойылған қойдың басын сирақтарын сол иттің етіне қосып, ертесіне өзбек базарына алып шығады.

Қан базардың ортасына тұрып алып жар салып «Қырдан келген қырмызы ет, алам деуші жылдам жет, алмағаның итке ұқсамай әрмен кет, алғанда арманда, алмағанда арманда» деп тұрғанда сол қаланың әкімі үйіне мейман келіп базардан «ет алуға» келеді. Сарманның айтқан сөздеріне сеніп, қойдың басы мен жұп-жұмыр етіп үйткен иттің етін мақтауы жетіскен соң түгелдей алып кетеді.

Әлгі бай өзбек үйіне келіп, «қырдан келген, үйтілген қойдың еті» деп, мақтап қазанға салады. Су ысып қайнар – қайнамастан-ақ ет қазан қақпағын бүлкілдете бастайды. Талай ет пісіріп, аспаздық өнердің шегіне жеткен өзекең бұндай сұмдықты көрмепті.

Ашып қарап еттің қойдікі емес, иттің еті екенін біледі. Ол дереу қасына жасауыл ертіп әлгі ит сатқан қазақты іздейді. Сөйтсе Сарман әлгі жерден сәл әрілеу барып басындағы бөркін теріс киіп, бір көзін желімдеп алып тоң май сатып жар салып отырады.

Өзбек байы базардан Сарманды көріп «Шу қазақтың өзі қу, бірақ мына бір, көзі көр екен, ә» деп, танымайды. Сарман кесекті тесіп, майға салып, алдын ала дайындаған жерінен жусан таяқшасын өткізіп «еріп тұрау, еріп тұр» деп, мақтап-мақтап көрсетіп сол байға тоң майды сатып жібереді. Бай мейманына ет асып бере алмай, енді палау пісіру қамына кірісіп, әлгі тоң майды қазанға салса, быж-быж етіп майы еріп кетіп кесектер шыға келеді.

Сонымен базарда әр өзбекті бір алданғанды екі алдап, Сарман кетеді. Бұл сөз елге тарап «Итсатқан Сарман қу» атанады.

### **Мешітке барған Сарман**

Бір күні Сарман өзбектің бір диханына ат- түйесін тастап кетіп, базар аралап, өзекеңдерді жер соқтыра алдап, артынып-тартынып диханшы өзбекке келеді. Ол «түйеңді бақтым, ақысын бер» дегенде үндемей шапанын шешіп, астықты суырып жатқан диханшының жел жағына шапанды керіп астықты тазартпай қояды. Дихан әкімге шағынам деп оны қорқытпақ болғанда, оған сол жердің әкімін де қулығын асырып алдап, жаздырып алған «Желдің бастығы» деген қағазын көрсетіп, ақы бермек түгілі астығын қосып бергізіп әзер құтылатындай етеді. Сөйтіп елге келе жатып жолда бір үлкен мешітке кездеседі. Соған қарай шағын көліктерін жетектеп бет бұрады. Артынып-тартынып келе жатқан мұны алыстан көріп отырған мешіт имамы «осы келе жатқан аңқау қазақ болар, соны алдап малын алып қалайық» деп өзінің көмекшілеріне сөз салады. Сөйтіп олар келісіп тұрғанда Сарман мешітке жақындап:

- Ассалаумағалайқум, бұл кімнің үйі қонуға бола ма?- дейді мешітті білмегенсіп.

Молдалар іздегеніміз көктен емес жерден табылды «аңқау қазақты құдайдың өзі жіберді» деп бас иманға барады.

Оны шайтан түртіп «ия, құдайдың үйі» деп айта сал дейді. Молдалар

«құдайдың үйі» дегенде, «сол құдаймен сөйлесуге болар ма екен?» дейді Сарман аңқаусып

- Ия, болады, бірақ ақы төлейсің. Сарман да олардың тұзаққа түскенін аңғарып:

- Ия, ия, бар тапқаным сендердікі, тек құдаймен сөйлестіре гөр - деп жалына бастайды.

Әлгілер бас имамды «Құдай» етіп масахана ішіне отырғызады. Ұзын бойлы, сiңiрлi Сарман қонышына сұға салған сегіз өрме дырау қамшысымен ішке кіріп масахана ішіндегі «Құдайға» жақындап.

- Әкемді алған құдай сенбісің?— десе

- Им, ым,—деп дыбыс береді «Құдай»

- Шешемді алған сенбісің?

- Тақыр кедей қылған, құдай сенбісің? - деп жақындай береді.

«Им, ым» деп ыңыранып мээ болып отырған «Құдайға» жеткенде қонышынан қамшысын суырып алып, «Тап әкеңді, сендей Құдайдың» деп имамды сабап,сақалынан сүйреп отырған жерінен алып шығады.

- Ал енді сендей құдайдан безген күнәхар капірді, Алланы мазақ еткенің үшін қазының алдына апарамын, жазанды тартқызамын - деп сүйрей жөнеледі. Имам қатты қорқып, жалынып-жалпайып, әке-көкелеп, ат шапан айып тартып, «аңқау қазақтан» әзер құтылады.

Міне сөйтіп Сарманку молда имамды да алдап, малын алып кетеді.

### **Ханға барған Сарман**

Сарманның аты елге жайылып, бүкіл өзбек іші күңіреніп кетеді. «Қырдан Сарман келсе, Алладан пәрмен келеді» - деген сөз тарайды. Бұл сөздер мен Сарманнан жапа шеккендер әңгімесі Хиуа ханына да жетеді. Хан намыстанып соншама ақыл айласы мол бұл қазақты көрмекке ұйғарып, арнайы адам жіберіп Сарманды ордаға алдырады.

Сарман Хиуаға келгенде бөлек үйге түсіріп, күтім жасап ертесіне хан алдына шақырады.

Өзбекті қан қақсатып, аты шыққан қазақты қалай да сөзден не айландан сүріндіріп, көзін құртуды ойлаған хан өзбек ішінен өнерлі, айлалы дегендерін жинап ордаға шақырған екен.

Олар әрқайсысы өз білгенінше сөзден ұтпақ болғанда Сарман оларды бір сөзбен - ақ тоқтатып, аузын аштырмайды. Олардың әрекетінен ешқандай қайран болмасын сезген хан бір айла тауып «бұл сөзшең болғанмен боқтасуды білмейтін шығар» деп боқтасу жарысын өткізбек болады.

- Ал Сарман сөзшеңдігінді көрдік, бізде жақсымен қатар жаман да болады, ақ пен қара тәрізді бұл да өнер. Мынау менің бір боқтампаз адамыммен боқтасып жарысасың, жеңілсең жазанды аласың – дейді.

- Хан тақсыр, оны да көрейік - дейді Сарман. Хан боқтампазына белгі береді. Ол бір сүт пісірім уақытта: «әнәнді, көкенді, дәденді, атаңды, балаңды, әйелінді» деп боқтап барып бір айтқанын екінші қайталаған кезде

-Тоқта. Болдың ба боқтап? – дейді.

Хан сөз кезегін Сарманға береді. Сонда Сарман қу шұбыртып ала жөнеледі «Иір - иір көшеңді, үйде отырған шешенді» деп көшеден бастап аяқ-табақ, қазан-ошақ, ішкен шайы жеген палауы бәрін арамдап келіп, қаладағы әкім, мешіттегі молда, бек- бекзада, хан төңірегіне отырғандарды боқтап, ханға жақындап қалғанда хан абыржып.

-Болды-болды, сен жеңдің-дейді.

Хан Сарманды қонақ үйге күтуге жіберіп уәзірлерімен кеңес құрады. Сарманды сүріндірер амал-айла таппай уәзірлер ханның өзіне салып «Ханда қырық кісінің ақылы бар деген. Өзіңіз бір жөнің таппасаныз бізден қайран жоқ»-дейді. Хан айлаға көшіп қырық уәзірді есік алдындағы хауызға тырдай жалаңаштандырып түсіріп бір-бір жұмыртқа тықтырып қойғызады. Ертесіне хан ордаға кірген Сармарға

- Ел айтса айтқандай екенсің, ал енді бір ойын ойнайық, жеңілсең жазанды аласың – деп ескертеді.

- Хуп тақсыр, мен дайынмын дегенде - хан Сарманға ойынның шартын айтып, тырдай жалаңаштанып хауызға түсіп одан шыққан соң алаңға тауық болып жұмыртқалау керектігін айтады.

Сарман сәл ойланып келісім береді. Сарайдағылар түгелдей «Сарманның құрыған жері осы болар» деп ойлайды.

Келісіп қойған уәзірлер хауызға түсіп тыққан жұмыртқаларын алақандарына жасырып әкеліп ортаға бір-бірден жұмыртқалайды. Кезек Сарманға келгенде ол да шешініп, суға түсіп қайта шығады.

Барлық жиналғандар іштен тынып, Сарманның жеңілгенін көруге асығады. Сарман судан шығып екі қолын қомдап қанат қылып қоқиланып «Ку ка-ре -ку» деп қатар-қатар тауық болып отырған уәзірлердің бірінің үстіне қона кетеді.

Хан түсінбей «бұл не?» дегенде:

- Хан ием ханда қырық кісінің ақылы бар деуші- еді, сіз түсініп, әділ болады деп ойлаймын. Қырық мекиен болғанда, бір әтеш болмай ма?

--дегенде хан ұтылып, бұны жеңе алмасына көзі жетіп, өтірік күліп отырып-ақ Сарманды құрту жолын ойластырады. Бір мыстан кемпірге тапсырма беріп үзеңгісіне у жақтырып жібереді.

Сарман елге жетіп, жолда ауырып, у өтіп уланып өледі. Жақсының өзі өлсе де, сөзі, игі ісі, өлмек емес ел-халқы әлі айтып келеді.

### **Қасиет қонған аталар**

Дүние жүзіндегі әлем халықтарының қай дінде болмасын, бәрінің мойындайтын бір тылсым күші, Алланың құдіреті екені баршаға мәлім. Аллатағаланың өзінің сүйікті пендесіне дарытқан қасиеттері арқасында, адам өз ортасынан ерекшеленіп көреген, пайымдағыш, небір кереметтер көрсете алатын қабілетке ие болады. Сонау жаратылыстың басталуынан бері қарай, Алла дарытқан сондай қасиет иелері елдің есінде сақталып келеді. Маңғыстау өңірін Асанққайғы ата «Жер ұйық», - деп атап, байлықтың ордасы боларын айтып кеткен. Осы киелі топырақта пір Бекет ата, аруакты батыр Барақ аталар өмір сүрген.

Қасиет дарыған аталар жөнінде жазбақ болғаныма біраз жыл болса да, 70 жылдай санамда атейістік көзқарас қалыптасқан менің әңгімем оқырман қауымға аңыздай, ертегідей болып қабылданар, күлкіге қалармын деп қорқақтап жазбаған едім.

Кеңес дәуірінде білім алып, бақай-шақайыма дейін атейістік, материалистік насихаттар ұялап өскен мен де Аллатағаланың кейбір пендесіне айрықша дарытқан қасиеттерін мойындамай келгенмін.

Бәтет атамнан басталып ұрпақтан-ұрпаққа дарып, келе жатқан қасиетке енді көзім жеткен кезде ғана барып ұқтым, сендім.

Ал енді сол атеист пенденің санасына сәуле түсіп, Алланың құдіретінің молдығына көзі жеткен жайларды жазып қана аталар жөніндегі кереметтерге көшпекпін.

### **Құдірет күшін тану**

Алдабергеннің екінші баласы Қали 1907 жылы Ақтөбе облысының Үстірт, Сам, Бейнеу, Доңызтау, Қоңырат аралығындағы ата мекенде, көшіп- қонып жүріп, дүниеге келеді. Әкем жайдары, өнерлі, ойын дұрыс жеткізе алатын зейінді адам болатын. Бірақ көп әңгімелерді білгенмен де сұрамасаң өздігінен әңгіме айтпайтын. Ал, анам- Шарбану керісінше сәл қолы босап, отбасымыз жиналғанда өткен өмірінен, естігендерінен әңгіме шертіп отыратын. Анамның енесі Ақсебеннен естігені:

Қали көш үстінде туылып, оны бесігімен түйенің қомына таңып тастайды. Көш әлегімен жүріп, екі күн өткенде, «Өліп қалған болар» деп, қараса бармағын сорып жатқан баланы көреді. Бұл мүмкін емес жағдайды көш тоқтағанда жиналғандар көріп, таңқалып, «Баланың аман қалғаны аруақтар желеп – жебеген болар», деген де қойған.



Медицинада бар- жоғын білмеймін, шешемнің айтуы бойынша, әкем ана құрсағында үш жыл бұғып жатқан. Бұл әулеттің ұрпақтары бойлы ірі болып келеді. Ал әкем әлгіндей жағдаймен туылып, аласа бойлы, кішкене денелі болғанмен де, өте шымыр қайратты еді.

Ұлы Отан соғысына дейін Әулиеатадан ағасы Әбдір ұйымдастырған колхозда бригадир болып істеп, колхоздастыру кезінде науқандық шаруаларға өз үлесін қосты. Соғысқа қатысып, үш жерінен жарақат алып, омырауы толы орден- медальдармен аман оралды. Соғыстан соң ауыл шаруашылығын қалпына келтіру кезеңінде де, белсенді қызмет атқарып Аса өзені бойындағы Рахат колхозында бригадир, ферма меңгерушісі болып 26 жыл жұмыс істеді. Партия мүшесіне өтіп, төрт колхоздың аймақтық депутаты болып, әлеуметтік істер мен халықтық жұмыстарға да араласады.

Шешем- Шәрбанудың шықан тегі, Қарақойлы Лабақтың, Ер Созақ атанған әулетінің Көшер бидің немересі. Әкесі Мыңбайға қадір түн көрініп қасиет дарыған. Шәрбану 1914 жылы әкесі жеті ұлдан кейін тілеп жүріп көрген бір қыз екен. Бұлардың да көші- қоны әкем аулымен бір болған.

Бұл екеуінің бас қосуларының өзі бір ұзақ әңгіме. Олар, ел басына наубет болып келген ашаршылық жылдары, Қарақалпақстанның Кегейлі қаласында кездесіп, кемемен Аралға жетіп, одан пойызға отырып, Әулиеатаға барар көш үстінде қосылады. Шәрбану да жаңа ұйымдасқан колхозға жастық жігер қайратын аямай жұмсап, стахановшылар легімен озат болып, бірінші бесжылдықтың қорытындылаушы жылында «15 жылдық Қазақстан» белгісін алып еңбек еткен.

Біздің үй Жамбыл облысының Еңбек, Рахат колхоздарында тұрып, 1957 жылы Қарақалпақстанға көшкен болатын. Жоғарыда айтқандай

анамның би ата- тегіне тартқандығы ма айтылған сөзге құлақ түріп, кеңес айтуға ықыласты еді. Енесі Ақсебеннен естігендері зердесінде қалып, Қарақалпақтың Хожелі қаласына барысымен- ақ, көп іздеу салған заты- атамыз Қарадан Қарабас ата ұрпағына мұра боп қалған қорғасын салған қалта болды. Анамның көп айтатыны Қара атасының, құмандағы дәрет суы қорғасын болып ұйығаны, оны үш баласы бөліп алғаны, Қарабасқа тиесілі бөлігін қыздар ұрлап әкетіп, Қарабас ашуланып қыз аулын шаппак болғанда кие иесі Қара тоқтатып: (ол кезде тірі болған)

-Қой, балам, олай етпе, қасиет ұрланған қорғасында ма әлде кие қалтада қалды ма ол бір Аллаға ғана аян. Қалтаңа ие бол-деген екен.

Шешем мені оқудан келген сайын қасына ертіп алып, Қараның үш баласының бірі Боқанаштың ұрпағы, Нұртаза әкейдің үйіне апарып, бірінші сол үйден дәм татқызатын. «Сол үйдегі әжейде қорғасын бар, соны көресің» -деп мені талай әлектеген. Бірақ әжей де мықты, әртүрлі сылтау тауып көрсеткен жоқ. Сондай бір барғанымызда:

- Аманжан, мынау Қара атаңның сақинасы-деп менің үш саусағыма сыйып кететін мөр тәрізді домалақ жүзі бар, күміс сақинаны берген болатын, оны анам ақ шүберекке орап сақтап жүретін.

Қазір сол абзал анашым дүниеден өткен соң, ол кісінің сабылып іздеу салған мұрасы-«Қорғасын қалтаны» өз көзіммен көріп, аңыз емес, шындық қасиет екендігіне көзім жетіп сендім. Ия, өте кеш сеіндім.

1998 жылы Әбдірден қалған жалғыз қыз Ұлболсын қатты науқас болғанын естіп, Тараз қаласына алып ұшып жеткенбіз. Сол сапарда анашымның көп іздеген қорғасын қалтасының құдіретімен аяғын баса алмай қалған қарындасымның жүгіріп жүргенін көріп, тебіреніп жазған «Қорғасын қалта» оқиғасын ұсынамын.

## **Қорғасын қалта**

*(«Маңғыстау» газеті 6-қараша 1998ж.)*

- О, құдірет! Бұл неткен керемет! Аңыздың шынға айналуы-деген осы екен ғой. Алдымдағы ұзыны мен көлденені сынық сүйем келетін, түп жағы доғалдау етіп тігілген әсем қалтаға қарай беремін. Жуғанда жарқырап шыға келетін түрікменнің әсем кілеміндей өрнектелген аса шебер етіп тоқылған қалташықтың оң жақ шетіндегі бауы іріп, сәгіле бастапты. Мұндай шебер тоқылған дүниені алғаш көруім. Қалай дегенде де бұл менің, бесінші атамнан қалған мұра еді, дегенге сенгін келмейді. Бірақ солай.



1931 жылдары Голощекин әлегінен халқы сиреп қалған Әулиеатаға (Жамбыл, қазіргі Тараз қаласы) арнайы жарлықпен Ақтөбе, Қарақалпақстан аймағынан мың үй көшірілген болатын. Сол көштің бірін бастап барған менің әкемнің ағасы Әбдір еді. Олар Жамбыл облысынан Қызылқайнар, Жасөркен колхоздарын ұйымдастырыпты. Әбдір әуелі Жасөркенде ауылдық кеңестің төрағасы, кейін колхоз бастығы болған. Ол соғыс кезінде ауырып қайтыс болады. Өзі ұйымдастырған колхозында үкімет тарапынан кісілер қатынасып қызыл кірпіштен белгі қойып жерленді. Сол Әбдірден бір қыз қалып ол Жамбылда тұратын. Кезінде шешем сол қызды іздеп барып, бір көргенім бар еді, содан байналыс үзіліп қалған. Араға 20-жыл салып сол қыз-Ұлболсынды іздеп келіп, үйінде отырмыз. Жанағы қалта оқиғасы осыдан басталады.

Ұлболсынның үйіне келгенімде алдымнан бірінші болып шыққан оның кенже баласы Мейрамбекке дәптер алғыздым. Оған нағашы жұртын таныстырып жаздыра бастаған едім.

- Нағашың-Табын. Табынның Қарақойлысы, оның Жоли тармағы – деймін ежіктеп. Жолидың Амандығы. Амандық атаға Алла нұрын төгіп, қасиет дарыған. Амандықтан-Дауыл, Дауылдан-Тәпеке, Тәпекеден-Қара туады. Қара атамызға да Алла ерекше қасиет беріп, тәңертең дәрет суы құманында қорғасын болып ұйып қалады. Бұл күдіретті көрген ұрпақтары құманды арамен кесіп бөлісіп алады.

Міне, мен осы Қара ата жөнінде айта бастағанымда қарындасым Ұлболсын орнынан тұрып барып, төргі үйден осы тұмаршалап тігілген қалтаны алдыма қойған.

- Аға, бұл маған 56-жылдан соң қайта оралған зат еді-дейді толқып.

Ұлболсын екі жасқа толар-толмастан жетім қалып, нағашы әжесі Мөртай тәрбиесінде қалады. Соғыс басталып, бірлігі бұзылмаған үлкен әулеттің ерлер жағы әскерге алынып, бала-шаға болып қалады.

Бұл әулеттің атадан балаға мұра болып келе жатқан киелі қалта әжеміз Ақсебенде (Әбдірдің анасы) сақтаулы болатын. Ақсебен дүниеден өтер шағында үлкен келіні Рыстыны шақырып алып, қалтаны беріп, аманатын тапсырған еді. Рысты соғыс кезі күнкөріс жағдайымен тұрмысқа шығып кетіп, киелі қалта шешесі Мөртай қолына өтеді. Мөртай құдағайы Ақсебенмен сырласып жүріп бұл қалтаның қасиетін білетін еді. Ол көп жылдар перзент көтермей жүрген сіңілісіне қалтаны беріп «Бұл киелі қалта! Дәрет алып тазаланып, Алладан тілеу тіле, таза ұстап кәдірлеп сақта» деп тапсырады. Жылдар өтіп Мөртай да дүниеден озады. Міне сөйтіп соғыс әлегімен киелі қалта із-түзсіз жоғалған болатын.

Бір күні Ұлболсын қатты науқастанып жүре алмай қалады. Сөйтіп жүргенде рамазан айы- ораза кезінде көптен бұл үйге аяқ баспаған Мөртай әжесінің сіңілісі келеді. Ол ұялған сынай таңытып «Ұлболсын, қалқам, Мөртай апам қайта-қайта аян беріп мазамды алып жүр. Мына қасиетті қалтаны табыс етпекпін. Әруағыңнан айналайын сенің Қара атаңның қорғасын салған қалтасы себеп болып, өкшем қанамай жүргенде перзент көріп едім. Өстім, өндім. Енді өзің ие бол» - дейді!

Ұлболсын сақтап қойған қорғасын салынған қалта– осы. Мені таң қалдырған да осы – қалта Содан дәрігерден ем болмай емшіге барып көрінгенде Ұлболсынға әлгі емші «Үйінде бір қасиетті зат бар ғой, оны неге қадірлемейсің» дегесін ғана қалтасы есіне түсіп шифонер ішіне тастай салған киелі қалта жатқан жерінен алынып, ақ шүберекке оралып тігіп, қастерлеп жоғары ілініп қойылған екен.

Шешем марқұмның осы қалтаны көп іздеп, тірісінде абысындарын, қыздарды біраз аралап еді. Енді сол қасиетті қалта араға жылдар салып табылып отыр. Біздің бесінші әжеміздің мәнерлеп тігіп тоқыған қалтасы Ұлболсын қарындасымның төрінде ілулі тұр. Бабалар әруақтары ұрпақтарын желеп-жебеп жүрсін, әумин демекпін.

### **Көрегендік**

Бұл менің әруақтың барлығына, Алла тағаланың құдіретінің молдығына көзім жетіп, сенімсіздік пейілден арылған күнім болды.

Бұған дейін де түстей болып келген жағдайларды айта кетейін. Бұл да аталар жайлы әңгімеге барар тікелей жол болар деп ойлаймын.

Шешем марқұмның көрегендігі мені сонау студент кезімде-ақ та-лай таң қалдырған. Ол кезде қазіргідей «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» байланыстың жоқ кезі. Ақпарат, хабар-ошар тек хат арқылы болатын. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» дегендей мен сол хатты кейде жазып, кейде жазбай-ақ каникулге келетінмін. Мені таң-тамаша қалдыратыны анам қашан келсем де мен түсер вагонның алдында күтіп алатындығы еді.

- Апа-ау! (Мен шешемді апа дейтінмін) менің келетінімді қайдан білдің,- дегенде: -Түс көріп-дей салатын. Үйге келгенде екі босаға толған жазулар болатын. Мектепте оқитын інім Тәңірбергенге жаздырған күндер тізбесін оқып «Мына күні не болды?, ана күні ауырдың ба?» деп сұраудың астына алатын. Көбіне мен қиналған кездерді айна- қатесіз көріп отыратын.

1960 жылы Ташкент тепловоз жөндеу зауытындағы болат құю цехында істейтінмін. Бір күні жұмысқа келіп, ішім қатты ауырған соң дәрігерге бардым. Олар әй-шай жоқ дереу «апендицитсің» деп ауруханаға жатқызып, соқыр ішегімді алып тастады. Ауруханада үш күн жатып, жазылып жатақханаға келе жатсам, алдымда әкем тұр. Шошып кеттім.

- Аға, (әкемді солай атайтынмын) қайдан жүрсің, неге келдің болды таңдана сұрағаным.

- Шүкір, шүкір аман екенсің әйтеуір, «Пышаққа түсті» деп еді. Сау екенсің, енді қайтамын-деп, Ташкенттің көк майса шөптерінің үстіне отыра қалып, оң аяғының етігін шешіп, табанына салған ақшаларын ала бастады. Мен қатты таңқалып сонау мың шақырым алыстағы Қарақалпақстанда тұратын бұлар тұрмақ, қасымдағы бірге жататын достарым да білмей қалған жайды бұлар қайдан білген? Кім айтқан?

- Ия, мен ауруханадан шығып келемін. Апендицит болып, операция жасады. Оны қайдан білдіңдер. Кім айтты?

- Бәсе, солай де, әулие ғой ол, әулие-деп, шешемнің үш күн бойы маза бермей, ақыры самалетпен ұшырып жібергенін айтты. «Бала пышыққа түсті, тез жет», деп қоймапты. Әкем етіктен алған 60 сомды беріп, сол бойда кері ұшып кетті. Көрген түстей болып мен қалдым.

Шешем көрген түстерін өзі жорып, олары көбіне дұрыс болып жатады. Кейде жеті нан пісіріп садақа таратып «Әруақтар дәмепіп жүр» деп, әкеме құран оқытатын. Мен анамның бұл қасиеттерінің жауабын таба алмай дал болушы едім.

1980 жылы алдымен шешем ауырып, әкем толық қайратында жүріп, анамнан бұрын кетпек болды. Сонымен бір айдың ішінде бақи болды. Артынан анам кетті. Әке-шешем Маңғыстаудағы «Қошқарата» әулие қорымына жерленді.

1965 жылы Ташкент теміржол институтын бітіріп шығып, ата -анамнан «Ата жұрттарын қайда? Мен жолдаманы қайда алайын?» дегенде. Ақтөбе мен Маңғыстау аралығында Жем мен Сам, Доңызтауға дейінгі аймақта көшіп-қонып жүргенбіз деген еді. Барша жұрт жиналып жатқан маң дала Маңғыстаудан мұнай қоры табылып, сол «Қара алтынды» алу үшін темір жол салынған болатын. Мен де жаңа өлкеден алғашқылар қатарында ұлы құрылысқа араласып, бала-шағалы болып, қоныс тептім. Сөйтіп әке-шешеме Маңғыстаудың топырағы бұйырды.

1980 жылы оларға естелік болар кесене орнату арманым болып, шебер іздеп, тапқан шеберімнің қолы босамай қатты қиналдым. Уақыт өтіп барады, алған еңбек демалысымыз да бітуге жақындап қалды.

Бейіт басына құрылыс материалдары мен саймандар әкелініп, палаткада жалғыз қонып қалуға тура келді. Түнде оянып, тұрмақ болғанда қимылдауға шамам келмей қалды. Ту сыртымнан біреу ұстап тұрғандай қимылдар алар емеспін. Жүрегім тулап тас төбеке шықты. Дереве келеме қайырып, білген құранымды оқып, Аллаға, әруақтарға сиына бастадым. Бір кезде сырттан сыбдыр естілгендей болып, палатка есігі ашылды. Ішке әкем кіріп келді де, төрге жетер-жетпестен тұрып.

- Аманжан, сала бер, өзің сала аласың – деді де қайта шығып кетті. Әкем ішке кіргенде палатка іші жарық сияқты еді. Ол кеткен соң байқағаным тастай қараңғы. Мен, мең-зең болып ояу жатырмын. Қимылдап көріп едім ешкім ұстап та тұрған жоқ. Асықпай орнымнан тұрып, сыртқа шықтым. Таң әлі атпапты, шығыс жақ сәл-пәл ағарып келеді.

Мен әлгі көргендерімді түс көргенге жорып, басқа ештеңе ойымда болған жоқ. Таң атты. Әшейінде жайбасарлау інім-Оңғар бір үлкен камаз бетон алып келді. Оның ізін ала Абай інім де бір машина тас түсірді. Сөйтіп бейіт салуды өзіміз бастап кеттік. Бұрын бір кірпішті қалап көрмеген мен тәуекел етіп, әр тасты қалаған сайын (уревен) денгейлік аспабын салып қарап, кейін көзбен-ақ қалайтын дәрежеге жеттім. Күмбезді кесенені өз жобаммен салып, бітуге жақындап қалғанда, жасаған күнәмнің зардабын тартқан жағдайды айта кетейін.

Күн шыжып тұр. Ыстық аптап бетті қарып от еседі. Оңғар қасымыздағы Ақшұқыр ауылына барып үш литрлік ыдыспен чех сырасын әкелді. Өздері төменде тұрып ішіп, жоғарыда тас қалап жатқан маған да берді. Әшейінде тамақты да қорған сыртында ішіп, құран оқып отыратын мені шайтан азғырып «Әкел» деп сол қолыммен іліп алып бір сіміріп қайта бердім. Кесене биіктігі 8-метрден асып, соңғы күмбездің тастарын қалап жатырғанмын.

- О, тоба, бір кезде әлгі қаланған тастарым қимылдап өзіме қарай жылжығындай болды. Мен сескеніп бойымды тіктегенде, аяқ астындағы тас сынып кетті де, мен жандәрмен алға ұмтылып, әлгі жыбырлап тұрған тастарға жабыстым. Қаланған тастар қопарылып үстіме құлай бастады. Сол құлаған тастармен төмен қарай шалқалап ұшып келем. Жерге жетер кезде аунап етбетімнен түстім. Менің соңымнан құлаған тастар түгел денемді көміп тастапты.

Үш күннен соң есімді жиып «Не болды?», дегенде білгенім - Құдай сақтады, әруақтар қолдап аман қалдың - болды, жыламсырап көнектей болып ісіп кеткен бет- аузымның саңылауынан түтікпен су беріп

отырған әйелімнің айтқаны. Жоғарыдан құлаған тастар үстіме қаланып тіке түспей көміп қалған. Тек бір тас сол қолымның екі саусағын қиып түскен. Мен ауруханада жатқанда анам, ауруы мендеп әзер жүргеніне қарамай, мені қасына алдыртып бейіт басына бардық. Шешем сондай ырымшыл жан болатын. Мен құлаған жерді ұшықтап ырымдарын жасап болған соң, әкем жатқан тұсқа келіп

- Әй, сен, тыныш жат, балаға тиіспе! Ол не қылғаның, білмегенін кешір,-деп, тап тірі кісімен сөйлескендей біраз сұқпаттасты. Мен жасаған күнәмді шешемнің ешкімнен сұрамай-ақ білгенін білсем де, ол кезде оған мән берген жоқпын.

Арада он сегіз жыл өткеннен кейін ғана Әке берген аянды, оның демеуімен құрылысты салғанымды, дандайсып кетіп, кесене басында тұрып сыра ішіп, жазаға ұшырағанымды сонда ғана білдім, сездім. Екі саусағымды беріп, әруақтың құдіретін таныдым. Әлгіндей биіктен құлап, тастардың астында қалып аман қалу, Алла тағаланың санама сәуле салып, сенімімді оятып, әруақтардың желеп-жебеуіне көзімді жеткізуі құдіреттің ісі деп білемін. Сонша жыл жоғалып кеткен Қорғасын қалта да табылып менің аталар жөніндегі аңыздай болған әңгімелерді жазуыма жол ашылды.

### Бәтет батыр

Жолидың немересі Бәтет батыр,  
Жылқысы кең даланы жайлап жатыр.  
Жылқысының көптігін білдік содан,  
Мың құлын бір төбеде көштен қалған.

Батыр болған Бәтеттен Жаманқара,  
Айбарлы күшті болған жеке дара.  
Қаһарынан сескеніп сол батырдың,  
Қызын берген Әлім би Дананқара.

Бұл жөнінде айтылар бөлек жыр бар,  
Айтармыз тағы бірде болса Алла жар.

Бәтеттің үкен ұлы Амандықты,  
Алласы назар салып дана қылды.  
Құдіреттің күшімен аққу қонып,

Жолиқожа осыдан таралыпты.

Амандықтың баласы Дауыл болды,  
Ерекше бір қасиет оған қонды.  
Кереметтің күшімен бәрін көріп,  
Айтқаны айнымастан келер болды.

Дауылдан туған Тәпiке батыр екен,  
Сам бойы Доңыздауды еткен мекен.  
Тәпiкенiң баласы Қара болды,  
Туғаннан ерекшелеу дара болды.  
Оқумен Алла жолын таза ұстап,  
Жүрген жері ақиқат сара болды.  
Берем десе Алланың берері көп,  
Ұйыды дәрет суы қорғасын боп.  
Оған да бір қасиет солай қонды.  
Қасиетті әулеттің кең таралған,  
Бес баласы тұлға боп, тен жаралған,  
Бірі болыс, бірі ишан, бірі сопы,  
Алдаберген батыр боп, Жәке тәуіп,  
Адамдар бұл тәуіпке көп қаралған...

### *Атадан жеткен әңгімелер*

Жоли атамyzдың байлығын, мырзалығын, Атымтайдай жомарттығын жоғарыда Жоли ата тармағында жазғанмын. Ал сол Жолидың ұрпақ жайған бес баласын ертеректе қарттар былай деп кеткен болатын:

- Ақ атаның баласын, қауға беріп, қойға қой.- депті. Табынның қара қойлары осы атаның қотанында болып, қойлы ауыл болса керек.

- Назар атам баласын қалам бер де, дауға қой- десе. Бұл атаның ұрпақтарының оқу өнерін меңгеріп, билікке араласып, би болып кейіннен болыс болған тұқым болғандығын айтса керек.

- Байсары ата баласын, балға берде тауға қой- деген. Себебі бұл атаның ұрпақтары зергер, ісмер, ұста болып, құрал-сайман соғып, сауыт тоқыған шебер болған.

- Амандық ата баласын, құрық беріп, қоғалы көлге қой-деуі бұл ұрпақтың жылқы ұстап, ат баптаған жауынгерлігін көрсе керек.

- Жылыс атам баласын, қайда қойсаң сонда қой- деп. Бұл атаның

ұрпақтарының бесаспап барлық шаруадан да хабары бар талапты екендігін айтса керек.

Міне аузы дуалы үлкендердің осы берген сипаттамасы айна- қатесіз ұрпақтарында осы кезге дейін сақталып келген. Соның бір дәлелі ретінде Амандық атаның жылқысының көптігін айғақтайтын, Жоли қожаның бұл әулетке келу тарихын айтайын.

Бұл әңгімені мен жасы жүзге жақындап қалған Нұрмағамбет атадан, өз әкем Қалидан естіп және асықпай сөзбе- сөз айтқызып Қарақалпақстандағы сексенге келген Теңел ағадан жаздым. Теңел аға бұл әңгімені сонау былғалақ жылдары Әулие Атаға Ақтөбеден көшіп барған атасы Жолман қарттан естіген. 1932 жылы Жолман ата бұл әңгімені айтқан кезде 70-ке келіп қалған өте шежіреші кісі екен.

### Ата толғау

Уа, ағайын жамағат,  
Сөзімді енді бастайын.  
Жақсы сөзден қашпайын,  
Жалған сөзге баспайын.  
Әкемнің айтқан сөзі еді,  
Соны бір айтып тастайын.

«Қу молда» ағам сөзі деп,  
Бастаушы еді өленің.  
Тындасандар әлеумет,  
Соны мен айтып берейін.  
Су төгілмес үстінен,  
Жорғадай болып желейің.  
Күбіні піскен піспектей,  
Бүлкілдесін көмейім.  
Есімде қалған кей сөзін,  
Келсе шамам терейін.

-Уа-а ау – деп шарықтап,  
Алғанда даусы тұратын,  
Әуеден түспей қалықтап.  
Кенеп бір алып көмейін.  
Қолына ұстап таяғын,

Домбыра етіп құратын,  
Үніне қосып анықтап.  
Айтушы еді былайша:  
...Сөйле десен сөйлейін,  
Сөздің басын қайымдай.  
Қамалап жұртым келгенде,  
Көпшіліктен тайынбай.  
Небір- небір сөзім бар,  
Жіліктің аққан майындай.  
Дөңгелеңтіп сөйлейін,  
Қысырдың қызыл тайындай.  
Домалантып сөйлейін,  
Жарылмаған қауындай.  
Жылтыр етіп сөйлейін,  
Көлдің қатқан мұзындай.  
Ащы қылып сөйлейін,  
Қарауымбеттің тұзындай.  
Сұлу қылып сөйлейін,  
Байдың жалғыз қызындай.  
Өршелентіп сөйлейін,  
Нөсер боп өткен жауындай.  
Биік қылып сөйлейін,  
Алтайдың биік тауындай....

Осылай деп сөз бастап,  
Оңды-соңды сөз тастап,  
Қоңыр да сазды үнімен,  
Отырушы еді той бастап.  
Аузымен тартып домбыра,  
Құлағын бұрап айнытпай  
Тартатын күйді қоңдыра.

Сөз айтайын енді мен,  
Амандық сынды асылдан,  
Байлығы судай тасыған.  
Жылқысының көптігі,  
Далаға сыймай жосылған.



Көп жылқының белгісі,  
Сақау тиіп жылқыға,  
Жүре алмаған мың құлын,  
Етегінде төбеннің  
Қалып та қойған қосыннан.  
Дем салып жазған соларды,  
Атақожа тарихы  
Басталады осыдан.  
Тоқсанға келген Бәтетке,  
Баласы келді тосыннан.  
Келіп сәлем береді,  
Бәтетің көзі қартайған,  
Көрмейтін соқыр көр еді.  
Отырған жері төр еді.  
Қасиет қонған Бәтетке,  
Түсінде аян береді.  
Сайда қалған құлынды  
Айтпайақ оны көреді.  
Алладан жеткен әмірмен  
Балаға бағыт береді.  
- Бара бер балам, бара бер,  
Тартпаса мені қара жер.  
Зая боп кетпес шырағым,  
Еңбегің сенің төкен тер.  
Терінің кетсе қылдары,  
Иленіп болар былғары.  
Еккенің бітік өседі,  
Жерінің болса ылғалы.  
Тәрбие көрдің үйрендің,  
Текті бір қызға үйлендің.  
Адал жүріп, ақ болып,  
Абырой алып күйлендің.  
Қапыда кеткен бауырды,  
Ойлаумен жаның ауырды.  
Тілегім менің қабыл боп,  
Іні орнына іні етіп,  
Береді Алла бауырды.

Айтайын енді батырдың  
Басынан өткен дәуірді.  
...Бәтет батыр бір күні,  
Малын қарап жүр еді.  
Ұшып келіп, бір аққу,  
Төбеге қонып сілкініп,  
Кейпіне адам еңеді.  
Намазын оқып болған соң,  
Қайтадан ұшып жөнелді.  
Келесі жылы сол күні,  
Аққуды тағы көреді.  
Үшінші жылы болғанда,  
Тоқсанға жасы толғанда,  
Қызыр ата түсінде,  
Аян беріп айтады:  
«Бала етіп ал» деп, Аққуды,  
Төбеге биыл қонғанда.

Сөйтіп Бәтет ұлына,  
Бір тапсырма береді.  
- Сол төбеге барғайсын,  
Көз ілмей сонда қонғайсын.  
Аққу ұшып келгенде,  
Намазы біте бергенде,  
Сәлемің алып баланың,  
Қолынан ұстап алғайсын.  
Қалайда оны ұшырмай,  
Осында алып қалғайсын.

Әкенің сөзі заң болды,  
Ұйқысыз күткен таң болды.  
Таң ата аққу қонғанда,  
Кейпіне еңіп адамның,  
Сәждеге басын қойғанда.  
Артынан келіп білдірмей,  
Етегін басып шапанның  
Отыра қалды кідірмей.

Оқып болып намазын,  
Аққу бала қараса,  
Артында отыр бір кісі,  
Шапанның басып етегін,  
Намазға ұйып таласа.  
Таңғалған бұған жас бала,  
Мұсылмандық жолымен,  
Сәлемін берді жараса.  
Сонда Амандық сөйлейді,  
Сөйлегенде не дейді.  
- Хош келдің інім қонағым,  
Мен де бір ағаң боламын.  
Күтіп отыр өзіңді,  
Алдына баршы атаңның.  
Сонда бала сөйледі.  
- Ясыдан ұшып Меккеге,  
Асығыс кетіп барамын.  
Жіберші мені ұстама,  
Мезгілім жетсе ұша алмай,  
Пенде боп мәңгі қаламын.  
Қолынан ұстап жібермей,  
Ағасы сода сөйлейді.  
- Әкенің сөзі қағида,  
Ананың пейлі жазира.  
Алладан болып шапағат,  
Біздерге болдың табиға.  
Соны айтып Амандық.  
Мінгізіп атқа баланы,  
Жетектеп жаяу келеді.  
Төменде сайға жеткенде,  
Баланың түсіп назары,  
Жылқыны жатқан көреді.  
Сұрағанда себебін,  
«Күдіреттің күшімен,  
Тұра алмай қалды» деп, еді.  
Сонда бала ойланып,  
«Жерден маған бір уыс,

Топырақ алып бер» дейді.  
 Дем салып бала шашқанда,  
 Қарамат күшін ашқанда,  
 Тұра алмай жатқан мың құлын,  
 Ойнақтап тұра жөнелді.  
 Бәтетке - бала,  
 Ағасына іні боп,  
 «Атақожа» атанып,  
 Жолиқожа әулетке,  
 Осылай болып кеп еді.  
 Айтатын сөзім көп еді.  
 Аталар жайлы әңгіме  
 Істерін баба қадірлеп,  
 Сақтасын ұрпақ мәңгіге

2010ж.



### Жоли Қожа

Жоли баласы Қаржаудың немересі Амандық жылқыға басшылық етіп қосқа кетеді. Әкесі Бәтет батыр қартайып, тоқсан жасқа жетіп, көзі көрмей үйде отырып қалады. Бір күні қалың жылқы жайлаған жердің бір терең сайында 1000 құлын орнынан тұрмай қалады. Құлындарын тұрғыза алмаған Амандық бір құдіреттің барын сезіп әкесіне келіп хабарлайды. Бәтет батыр бұдан үш жыл бұрын жылқысын қарайлап жүргенде бір кереметтің куәсі болған еді. Жылқылар жайлаған аймақта үлкен төбе бар болатын. Сол төбенің басына ораза айында бір аққу құс ұшып келіп, балаға айналып намаз оқып, қайта ұшып кеткенін көрген. Бұл керемет жыл сайын қайталанып, үшінші жылы Бәтетке Қыдыр ата аян беріп биыл да ораза өткенше көшпей осы жұртта болып аққуды күтуді тапсырған. Бәтет баласына:

- Алла сәтін салса бір амалы табылар, жылқыңа бара бер-деп, баласын қайырып, өзі намазын оқып Аллаға сыйынады. Сол түні Қыдыр ата «Ертең Аққу құсың келеді, ол саған бала болады» деп аян береді. Бәтет дереу баласын шақыртып, жылда көріп жүрген аққу жайлы сырды айтып, ертең сол мың құлын тұрмай қалған сайдың жанындағы төбе басына аққу қонатынын айтады. Төбе басын тазалап күтіп алып, намаздан соң баланы әкелуді тапсырады. Амандық әке айтқанын бұлжытпай орындай-

ды.

Таң ата шығыс жақтан бір аққу құс келіп, тазалап қойған төбе басына қонады. Әлгі құс адам кейпіне келіп намаз оқи бастайды. Амандық та баланың сол жағына жайғасып намазға ұйыды. Намаз бітіп бата қылған соң, Амандық «Ассалаумағалайкум» деп қос қолын ұсынады. Бала да сәлемді қабыл алып қос қолдап амандасады. Ол баланың қолын жібермей әкесі айтқан тапсырманы айтып қалай да әкесін көріп кетуін өтінеді. Бала асығыс екендігін, Меккеге барып намаз оқитынын айтса да ол көнбейді. Уақыт өтіп амалсыз көнген баланы атқа мінгізіп өзі жаяу қасына еріп жүреді. Олар сайда қалған құлындар тұсына келгенде бала .

- Мына құлындар неге жатыр? - деп сай жақты нұсқайды.
- Білмедім кеше тұрғыза алмадым, ауырған болар
- Жерден бір уыс топырақ әперші.

Амандық бала айтқанын орындап топырақ әпереді. Ол топыраққа дем салып құлындарға қарай шашып жібергенде, жатқан құлындар тұрып ойнақтап шыға келеді.

Олар келгенше Бәтет бөлек үй тіккізіп баланы сол үйге түсіртеді. Бала Бәтетке сәлем беріп:

- Ата, енді мен осында қаламын, бұйрық солай болды, сізге бала боламын – дейді қолын қусырып.

- Сен маған Алланың өзі жіберген баласысың, атыңды «Атақожа» деп қоямын, ендігі тарайтын Жоли қожалардың атасы боласың, менің ұрпағыма қожа емес бауыр боласың, үлкенің - аға, кішің - іні болындар деп өсиет айтты. Бала ер жетіп, Бәтет оны үйлендірмек болғанда

- Ата, менің үйленетін мерзімім болған жоқ, үйленетін кезді өзім айтармын, - деп ел аралап, емшілік етіп жүріп жатады.

Бір күні ауылға бір топ жолаушы келіп, қонақ болады. Олар үйге кіріп, сусындап отырғанда отағасы Амандық «Сыртта арба үстінде адам бар тәрізді, оны неге үйге кіргізбейсіңдер» дегенде жолаушылар, «Ол қыз бала жазылмас ауруға ұшырап, бүгін-ертең денесі жарадан іріп о дүниелік болады» дейді қажыған кейпін танытып. Үйге Атақожа кіріп, қонақтармен сәлемдесіп, әжесіне сыбырлап сөз айтып шығып кетеді. Әжесі Бәтетке барып Атақожаның үйленер сәті келгенін айтып, қонақ болып келгендердің өлгелі жатқан қызын айттырып алып беруін өтінгенін айтады. Бәтет қонақтардан қызды сұрап, қалың малын айт дегенде:

- Ой, Алла риза, біз риза тегін алсын, жазылса болды - деп рұқсат береді қонақтар. Атақожа қонақтардың көзінше қызға барып, шапанының

етегімен бір сипап өткенде, қыз терлеп денесіндегі барлық жарасы үгіліп түсіп, жазыла бастайды. Атақожа сол қызды емдеп жазып үйленеді.

### **Жаманқара Батыр**

*(Табындардың шандыаяқ табын аталуы)*

Мен бұл әңгімені Нұрмағамбет әкейдің 96-ға келген шағында, бір сөзді екі қайталамай нақпа-нақ, қағазға жазғандай өте шебер айтқанына таң қалып қызыға тыңдағаным бар еді. Кейіннен Теңел ағаға тағы бір айттырып жазып алдым.

Жоли баласы Қаржаудан –Сүгірәлі, Жанан, Бәтет болып үш бала тарайды. Бәтет Батырдың 60-тан асқан шағында көрген Жаманқара өте айбарлы, күшіне ептігі сай, қаһарлы батыр болған.

Бәтет батыр Жаманқараға Әлім руынан Данақара бидің қызы Лақты айттырып алады. Лақ перзент көтермей көп жүріп қалады.

Ұрпақ көруді аңсаған батыр Бесқалаға сапар шегіп барып, сол елдің бір қарақалпақ бегінің қызын алып келеді. Бидің қызы Лақ, үстіне тоқал алғанға қатты намыстанады. Жаманқара тағы да екі айдай жорықта болып түнделетіп ауылға оралады. Батырды сағына күтіп жүрген Лақ түннің бір уағында Жаманқараның атының пысқырғанын естіп жабықтан қараса, ат тоқалдың отауының белдеуіне байланғанын көреді. Оған бидің қызы қатты қорланып, шаңыраққа асылып өліп қалады. Бұл оқиға қанша құпия етем дегенмен де «Отыз тістен шыққан сөз, отыз руға тарайды» демекші Әлімдерге де жетеді. Би ауылы Әлімдер намысқа шауып Жаманқара аулын барымталайын десе батырдың айбарынан қорқады. Ол тірі тұрғанда табындарға бара алмайтынын білген Әлімдер, ебін тауып, араға адам салып батырды өлтіртеді. Батыры кетіп, қасірет жұтқан табындарды әлімдер келіп шауып, жылқыларын айдап кетеді. Енді табындар жағы намысқа шауып, Кешу атамыз қол жинай бастайды. Жылқыдан 25 сәйгүлік бергізіп, өзінің 9 баласын атқа қондырады. Сүгірәлінің Сақтағаны, Бату, Құдайберді аулының батырлары болып қол жиналып Бек батыр басшы болады. Бек әлімдерді шабуға қолды бастап атасы Бәтеттен бата сұрайды. Атқа қонған Жолидың батыр ұлдарын көрген табындар қожасы қан төгуге қарсы болып араға түседі.

- Біз әліммен баталасқан ел едік, қан төгуге қарсымын, адам салып келсейік-дейді. Бәтет атамыз қожа сөзіне тоқтап, балаларын сабырлыққа шақырып, соғысты болдырмай тастайды.

Әлім азғырушысына сатылып, Жаманқара батырды алдап оққа байлап

беріп, қастандыққа қатынасқан Ақбас деген ағайын екен. Ашуға мінген батырлар Ақбасты өлтірмек болып, Бек оның мойнына арқан тастап атпен тарта бергенде тартпа үзіліп кетіп азғын тірі қалады.

Ағайындар қайта жиналып, Сақтаған билік құрып, « Ақбас ел ішінен кетсін» деген үкім шығарады.

Қорқақ сатқын ездік жасап еңірегенін көрген Бек қаһарланып зор дауысымен айқай салғанда, Ақбас шошып кетіп, бала- шағасын тастай елден шығып кетіп, Сіргелі еліне сіңіп кетеді.

Әлімдерді шабуға атасы бата бермеген соң жиналған қол оқтын-оқтын әлімдер аулына шауып барып, шаңдатып кері қайтып жүреді. Бұл әрекеттен мазасы кеткен әлімнің биі Данақара.

- Әй, «Шандыаяқ табындар», шаңдатып келесіндер, шаңдатып кетесіндер. Сөйлесер болсандар төрт тіреулеріңді тауып келіндер – дейді.

Бәтет ордасына табындардың билері, ақсақал-көксақалдар жиналып кеңес құрады. Барлығы «Төрт тіреудің» мәнін таппай дал болады. Сонда қой соңында жүрген Досы босағада сөз тыңдап отырса керек. Үлкендердің жауап таппай қиналғанын көрген ол орнынан тұрып.

- Сол сұрақтың жауабын мен айтсам қайтеді! – деп салт бойынша тізе бүгіп, «Дат» сұрап, жаман қамшысын алдына тастайды.

- Тайт әрі, ақсақал, көксақалдар шеше алмағанды сен қайдан шешесін. Бар қойынды бақ-деп айқайлайды қарттардың бірі. Балаға жалт қараған Бәтет ата бала көзінен ұшқын отты көріп:

-Айт датынды-дегенде.

-Төрт тіреу дегеніміз: Пірінді тап, туынды тап, мырза мен биінді тап деген болар –деп тақ ете қалады бала. Бәтет бала сөзінің дұрыстығына көңілі толып.

- Ал, шырағым, соларыңды өзің атап көрші, мына билер естісін,- деп, бәрінің назарын балаға аударады.

- Табында пір тұтарымыз – Асанқожа, туымыз Серке, мырзамыз Қаражон табын Құдайсуге, ал биге кімді қаласандар сол би болады – дегенде.

- Балам, сен ендігі жерде біздің биіміз болдың, осы дауды өзің шеш деп абыз ата батасын береді.

- Онда менімен бұл дауды шешуге баратын билер менен бұрын сөз айтпайтын болсын. Мен бұл дауды шешемін-деп нық жауабын береді бала.

Досы би бала әлімдерге бару үшін дайындала бастайды. Түйеден тандап жүріп бір үлкен атаңды алып, бір серкені ұстатып, түйеге өңгеріп, өзі

мініп алады. Қасына табын ақсақалдарын ертіп, әлімдерге жүріп кетеді.

Әлімдер биі Данақара сәске кезінде кеңес төбеге шығып отырса, табындар жақтан шаң көрінеді. Оны көрген би келе жатқандар үстінен бір шөкім бұлтты көріп «Ә, келе жатқандар шаңдыаяқ табындар болды. Бұл жолғы келістері бөлектеу екен. Осы жолы біздерді жеңіп кетеді-ау, әруағы бірге жүр екен» -депті. Досы би ауылға жақындап түйеден түсіп, артын түріп әлімдерге қарай түзге отырады. Бұны көріп тұрған Данақара би қасындағыларға «не түсіндіңдер» дейді. Олар шеше алмайды. Сонда Данақара ол «Басым - басыңмен тенесті дегені...» деп, табындарды күтіп бөлек үйге кіргізеді. Түнде билер түскен үйге кіріп, бұрынғы келген билерден өзге ешкімді көрмейді. Келесі күні әлім биі қонақтарын төбе басына шақырады. Түнде табындарға бөлінген үйге қонбай, атқосшы бала болып, далаға қонған Досы би, түйеге таңған серкесі мен түйені жетелеп табындар тобына қосылады. Дананқара би түйе жетелеген атқосшы баланы көзіне ілмей, бұрын келіп жеңіліп кеткен ақсақалдарды менсінбей:

- Бүгін менімен сөйлесетін үлкендерің қайсың?- деп дандайсып топты жағалай сүзе қарап келіп, Досы биге көзі түскенде:

- Анау,-дейді бала атан түйені нұсқап,
- Жо, жоқ ақсақалдарың дегенім ғой.
- Ә, онда мына серкемен сөйлес-деп, ұзын сақалды серкені нұсқайды.
- Биінді айтам, билерің қайсы –деп, ашулана бастағанда,
- Адаммен, адамша сөйлесем десен, менімен сөйлес –деп, әлім биін аузын аштырмай жеңіп кетеді.

- Болды, одна сен жеңдің. Бірақ мен сұратқан төрт тіреулердің жауабын тапсандар айтып көрші-дейді. Сонда Досы

-Туымыз- Серке. Піріміз-Асанқожа. Мырзамыз-Қаражон табын Құдайсүге»- дегенде

- Жарайды, би екеніңді көрдім, ал Құдайсүгенің мырзалығын неңмен дәлелдейсің?-деп балаға сынап қарайды.

- Оны әділ болсан өзің тексеріп білерсің. Дананқара би табындарға тағы бір сын тұзақ құрып сүріндірмек оймен, сол бойда төрт жүз кісіні атқа қондырып, Құдайсүге аулына аттанады. Бұлар келгенде ауыл көшуге жиналып әбігерленіп жатады. Құдайсүге дереу көшті тоқтатып қонақ кутуге кіріседі Қонақтарға арнап қырық үй тіккізіп, кілең қысырақ ту биелерді сойғызып, қонақтарға табақ тартылады. Дананқара әдейі өзі сынап тартылған сексен табаққа салынған жанбастың бәрі, тек оң жанбас екенін көріп, келген қонаққа сексен жылқысын сойған мырзаның нағыз



мырза екеніне көзі жетеді. Сонымен әлім- табын арасындағы дау бітіп, жылқылар қайтарылып, тыныштық орнайды.

Содан Досы бала жасынан -ақ би атананып, еліне танымал бола батады. Бұл даудың елге қалдырған таңбасы «Шандыаяқ табын» деген аты қалды. Кейіннен осы дауда танылған Досыби барша табынның туына айналған, Барақ батырдың жорығына қатынасып, жас батырға ақылшы аға болып, жалпы табынның биіне айналды.

### Жәнеберген-Жәке тәуіп

Аллатағаланың құдіретімен елімізге имандылық дарып, Аллаға сеніміміз артып, көкірек көзіміз ашыла бастағандықтан да осы бір айтылмай жүрген тағы бір құпиямды көпшілік назарына ұсынуды жөн көрдім.

Менің әкем Қалидың немере ағасы Ідіріс әкей(екеуінің жас алшақтығы алты ай) бұл пәни дүниеден өтер шақтан тура бір ай бұрын, баласы Лабаққа дәптер алдырып, жеті атасын жаздырып, аталар жөнінде әңгіме шерткен екен. Мен жоғарыда жазған әке жөніндегі әңгімемде «Шешемнің жазылмас рақ науқасының барын білген әкем, одан бұрын кетем» деп бір ай ішінде қайтыс болғаның мәлімдегенмін. Қарақалпақстандағы Ідіріс әкеге сол күні хабар тиген еді. Ол кісі ауырмай сырқамай 3-күннен соң о дүниелік болды. Ідіріс әкем де әкесінің жолын қуып тәуіптік жасап, бүкіл Шымбай Қарақалпаққа аты мәлім кісі болған.

Сонау «Қорғасын қалтадан» бастап жалғасып келе жатқан біздің әулетке дарыған қасиет- емшілік, тәуіптік жөнінде өзім естіп, білгенімді баяндап, содаң соң әлгі құпия сырға көшпекпін.

Шешем Шәрбану атасы Жәкені әулиедей көріп сыйлап өткен жан. Ол Жәке тәуіптің емдеген адамдарын, емдік тәсілдерін, жасаған емдеріне өзі де көмектесіп дәрі жасасқанын айтып отыратын.

Жеке тәуіп жылда шөптердің емдік науқаны жеткен шақта, далаға кетіп тау-тасты аралап, қоржын-қоржын шөп тамырларын әкеледі екен.

Ақтөбеден Әулиеатаға көшпен келген Жәнеберген 1916 жылы қайтыс болған ағасы Алдабергеннен қалған жеңгесі Ақсебенге әменгерлік жолмен үйленген болатын. Өзінің әйелі Ідірісті босану үстінде қайтыс болған. Сөйтіп алты бала бір жанұяда тәрбиеленіп Жамбыл (Тараз) қаласында атшабар базарының қасындағы үйде тұрады.

Жәке тәуіп қан аурулары, құрт аурулары, психологиялық науқастар және медицинаның әр саласындағы науқастарға ем тауып көптеген

адамдардың өмірлерінің ұзаруына септігі тиген. Сонымен қатар әлемдік жазылмас науқас болып есептелетін Рак аурына да қарсы ем жасап бір шама адамдарды айықтырған. Улы шөптердің тамыраларынан дәрі жасап «жұппа» қой құмалағындай домалақ етіп жасалған дәріні- асқазандағы ісікке, «ұнтақ» дәріні өнештегі қылтамаққа пайдаланған. Бұл шешімнің өзі күә болып айтқан әңгімелерін растаған тағы бір айғақты келтіре кетейін.

1975 жылы мен Қарақалпақстанның Қоңырат қаласында теміржолда Бас-ревизор болып жұмыс жасап жатқан едім. Бір күні сол қалада тұратын менімен бірге Ташкент теміржол институтын бітірген Әжіғали деген досым қолқа салып.

- Амандық, астында көлігің бар ғой, осы Қоңырат сыртында менің үлкен атам бар еді, көптен бара алмай жүрмін соған барып қайтайық – деп өтінді.

Қоңырат қаласының шығыс жақ бетін бағдарлап, тап-тақыр дала да төселген асфалттай жалтыраған жолмен жүйтіп келеміз. Жолдың екі бетінде топ-топ жыңғыл мен бастары желмен шайқалып қол бұлғағандай болып ақ шилер, бірлі жарым сиырлар мен қой ешкілер артта қалып зырғып келеміз. Шамамен жиырма шақырымдай жол жүргенде қасымдағы жолдасым ыңыранып баппен сөйлейтін әдетімен қоныр даусын кенеп: -Амандық, енді абайлап жүргейсің жолдың бұрылар тұсы келіп қалды-деген соң жайлап жүре бастадым. Жолдың екі бетіндегі өсіп тұрған сексеуіл ішін тінте қарап келе жатқан досым алдымыздан көрінген төбе басындағы шоқ талды нұсқап «Оң жағында сүрлеу жол болады әрі қарай жолсызбен кетеміз»-деді маңғазданып.

Төбеден айналып өте бергенде тағыда тақыр алаң пайда болды. Оң жақта арба ізі ме әлде көліктер ізі ме ирек-ирек жолға түсіп тағы да зымырап келемін. Таудай-таудай үйінді жасап қазған індері тұсында үлкендігі жас баладай тышқандар қақшиып тұрып, екі қолын қусырып шығарып салуда. Анда-санда секектеп қоян да орғып-орғып өтеді. Қалың шеңгел, жыңғыл өскен жерлермен баяу жүріп келеміз. Алдымыздан белдеу-белдеу құм кездесіп машина жүрісі қиындап кетті. Артта құмды тілген біздің машинамыздың ізі ғана қалып барады. Әрі қарай машина жүре алмай жаяу кеттік. Қалың тоғай ішімен біраз жүріп шеңгел қорғанға тап болдық. Әуілдеп үрген иттің зор даусы естілді. Іштен «Жат» деген бала даусы естілді. Біздер қораның қақпасына жақындағанда бала аласа есіктен ірі түрікмен тұқымды төбетті жатқызып біздерге қарап аңтарылып

тұрып қалды. Баланың атын атап ішке кіре берген Әжіғалиды таныған бала арсаландап тұра ұмтылды. «Әжіғали ағам келді» деп алақайлаған бала даусын естіп, әрі мезгілсіз үрген ит даусынан «кім келді екен» деген оймен есікке жақындап қалған ақ сақалды ірі қарт пен кішкене кемпір Әжіғалиды көріп қалбақтап қуанғаннан көздеріне жас алып құшақтап сүйіп жатыр. Елден жырақ отырған қария аман- саулық сұрасып, баласын біраз қызықтаған соң маған назар аударып жөн сұрады. Мен де өзімді қысқа таныстырып, табын екенімді айтқанда «Қай табын» деп тергей бастады. Мен бала жастан дағдыланған әдетпен -Қарақойлының Жолиы-деи бергенде қария маған шұқсия назар аударып «Қай жоли, кімнің баласысың» деп төне түсті. Мен әкем Қали, атам Алдаберген болатынын айтқанда шал орнынан сүріне- қабына тұрып «О, Алла, аллаға мыңда бір шүкір Жәкенің тұқымын ұшырастырған» деген сөздерін айта келіп менің қолымды қайта алды. Біз асығыспыз деген соң тез дайын болатын түйе тауыққа қосып, арнайы сыбаға қой сойдырды. -Менің сексенге жетіп өмір сүргенім сенің атаң Жәке тәуіптің арқасы айналайын. Тамағымнан нәр өтпей қалғанда емдеп жазып еді жарықтық -деп көз жасын сығып алды. Мен одан атам науқастарды қалай емдегенін білгім келіп, «Қылтамақты немен емдеді қандай дәрі- дәрмек қолданды?» деп сұрағанда білгенім шешемнен естіген сөздер болды.

Жәке тәуіптің жазбаған науқасы кемде-кем екен, Рак ауруының асқынған түрін бірден анықтап, «кештеу келдің емдеуге келмейді» деп оны әкелген кісіге «бәлен күні қайтады, дайындала бер» деп айтады екен. Бұл әлгі қарттан естіген сөзім.

Бұндай көрегендік қасиет біздің сегізінші атамыз Дауылға дарыған екен. Ол кісі қартая келіп үйден шықпай отырып қалады. Кейін сыртқа шығып атқа мініп ауыл-ауылды аралап, бір үйді қамшысымен сабалап кетсе, ертесіне сол үйден жамандық хабар болады екен.

Сөйтіп, Дауыл сыртқа шықса ел қорқа бастайды. Содан ағайын тумалары кезекпен қасында отырып, айтқан болжауларын орындап отырған.

Жәнебергенұлы Ідіріс тәуіптің баласы Лабаққа қалдырған Ата жайлы құпия болып айтылмай келген сырды ашайық.

1927 жылы кеңес өкіметінің НКВД-сі Ақтөбеден, Жарқамыстан, Ойылдан жинап 30 молда тәуіпті Ақтөбе абақтысына әкеліп қамайды. Таңертең түрме бастығы қамалғандар жатқан бөлмеге келсе, есік ашық тұрады. «Есікті кім ашты» деп сұраса ешкім білмейді. Ол құлып ашқыш қылмыскерді анықтау үшін отыз адамды он-оннан үшке бөліп қайта

қамайды. Ертесіне тағы да бір есік ашық қалады. Бастық әлгіндей тәсілмен тағы сол ашық қалған бөлмедегілерді бөлек қамап, соңғы үштің бірі Жәке тәуіптің есігінің ашық тұрғанын көріп ал оның қашып кетпей намаз оқып отырғана таңданады. Есік ашқыш қылмыскерді анықтаған бастық Жәкені «Қалай аштың есікті? Кілтің қайда?» деп айқайлап қыспаққа алады.

- «Жарайды, қоймадың ғой үйіңе бара бер, бір жайсыз жағдайға тап боласың, сонда білерсің қалай ашқанымды» дейді Жәке. Бастық оған сенбей үйіне кіре бергенде табалдырыққа сүрініп кетіп аяғын сындырып алады. Сонда ғана тобасына келген бастық, Жәкенің құр еместігін біліп, үйіне алдырып кешірім сұрап, аяғын емдеуді өтінеді. Жәке оны 18 күнде аяғынан тұрғызып жазып жібереді. Бастық та оны ебін тауып қамаудан босатып:

- Аға, сіз бұл аймақта тұрмаңыз, Қарақалпаққа асып кетініз, ешкім білмейтін болсын оны- деп шығарып салады. Сол кеткеннен Жәке тәуіп отбасына қосылып 1928 жылы қашып көше бастаған бай, би, молда тұқымдарымен бірге көшіп қарақалпақтың Қоңыратына жетіп, одан Кегейілге барып тұрақтайды. Қарақалпақ жерінде тәуіптік жасап, ол елге де танымал тәуіп атанады.

1931-1932 жылдары баласы Әбдір бастаған көшпен Әулиеата жері Жамбылға келіп, бұл жерде де тәуіптік жасап, көп адамдарды наукасынан жазады.

1935 жылы Жәке тәуіп Жамбылға өзімен бірге көшіп келген ағайын тумаларын жинап, ата-бабаларға арнап ас береді. Садақа тарарда жақын жуықтарын қалдырып:

- Мен сендерге 18 күн қонақпын, мен қайтқанда намазымды біреу келіп шығарады, оны үш күн күтіндер. Егер ешкім келмесе осы елдегі өзбек молда намазды шығара берсін -деп аманат айтады. Баласы Ідірісті қасына ертіп Әулие ата қорымына барып, «Маған бұйырған осы жердің топырағы болады» деп баласына қабір қаздырып, өзі ішіне түсіп өлшеп «Қабірді осылай етіп қазады» деп үйретеді.

Сол айтқан күніне Жәке дүниеден озады. Аманат бойынша үш күн күтеді. Үшінші күні астына есек мінген, үстінде жұпыны шапаны бар мүсәпір келіп, Жәкені сұрайды. Ідіріс әкесінің қайтыс болғанын айтса да болмай, «Мені ішкі үйге кіргіз сөйлесем де шығамын» деп қоярда-қоймай ішке кіреді. Жәке жатқан бөлмеден дауыс естіліп, Ідіріс есіктен сығалап қарайды. Ши ішінде Жәке кеудесін көтеріп, аяқ жағында

отырған әлгі кісімен сөйлескенін көреді. Ши ішінен шыққан әлгі кісі үстінде жаңа шапан, басына сәлде киіп шығады. Көрген түстей болған жағдайға таңқалып есі кетіп тұрған Ідірістің жанынан, келген кісі өте шығады. Ідіріс аппақ қудай болып киініп, кетіп бара жатқан әлгі кісіден, әкесімен не жайында сөйлескенін білмек болып артынан жүгіре шығады. Бірақ ол жауап бермей көзден ғайып болады.

Арада жеті күн өткенде Әулие ата қорымының шырақшысы үйге келіп, Жәке тәуіптің бейітінен шырақ жанғанын, айтып құран оқып кетеді.

Әке аруағының шапағаты тиіп жаңа жұртта Әбдір бір колхозға, Ідіріс Рахат колхозына бастық болып, Қали бригадир, кейін ферме бастығы болады.

Соғыстан келген соң әке қасиеті Ідіріске қонып, Ақтөбе, Қарақалпақ өңіріне белгілі тәуіп болады.

Сол Ідіріс әкеміздің ұрпақтары Алла жолын адал ұстап келеді. Оның үлкен ұлы Лабақтың бір баласы Қайрат ата жолын ұстанып, Стамбулда оқып қари молда дәрежесіне жетті.

Аруақты аталар желеп-жебей берсін!

Лабақ Ідірісұлы (1947-2012ж.ж.) Қарақалпақстанның Шымбай қаласында мектеп бітіріп, Ташкент қаласындағы ішкі істер мамандығын дайындайтын оқу орнына түсіп, 1974 жылы бітіріп шығады. Қарақалпақ жерінде ішкі істер саласының әр түрлі қызметтерін атқарып капитан шенің алады. 1981 жылы елге оралып Ақтау қаласының 12 шағын ауданының учаскелік полиция қызметінен бастап, құқық қорғау саласының біраз қызметтерін аброймен атқарып, омырауы толған медальдар мен бір бума алғыс грамоталарымен марапатталып, 1993 жылы подполковник шенінде зейнетке шығады.



## Әкеге

Тұлға болған ірілердің бірісің,  
Ұрпақтарға үлгі болған әр ісің.  
Ұмытпайды сені-әке ұрпағың,  
Біздер үшін мәңгі әке тірісің!

- деп ұл-қыздары, немерелері, бауырлары 09.11. 2012ж. бейіт басына белгі қойды.

Лабақ ініме Маңғыстаудың бойында, Лабақтың мерей тойында.  
Қырандай ұшып қалықтап, Шабыттанып, шарықтап, Аталар жайлы айт-  
тайын Шежіре етіп байыптап, Ұғып ал, ұрпақ анықтап.

Тарихын айтсам арыдан,  
Бай-мырза болып жарыған.  
Ұрпағымыз Жолидың  
Қасиет қонып дарыған.

Жоли, Қаржау, Бәтеттер,  
Амандық, Дауыл, Тәпеке-ер.  
Жаулардан қорғап жерлерін  
Аянбай жаның, төккен тер.

Баласы Тәпекенің, Қара болды,  
Туылғаннан өзгеше, дара болды.  
Окумен Алла жолын тура ұстап,  
Жүрген жері ақихат, сара болды.  
Берем десе, Алланың берері көп,  
Ұйыды дәрет суы, қорғасын боп,  
Қара атаңа қасиет солай қонды.

Орда етіп тіккен, нән үйді,  
Болыс болған, бай-күйлі,  
Маңғыстаудың жерінде,  
Мешіт салып, Ас берген,  
Қарабас атаң әйгілі.

Тұрғанда денсаулыққа, төніп қауып,  
Жазыпты науқастардың емін тауып.

Еліне еңбек еткен абыроймен  
Атақты Жәке атаң, болған тәуіп

Атақты атаң Жәкеден,  
Ідіріс тәуіп әкеден,  
Әулетке сенде атасың  
Ұрпаққа берер багасын!.

Той тойлап, күліп арқырап,  
Өзендей тасып сарқырап,  
Қызығын көріп ұрпақтың  
Ата боп жүрші жарқырап.

2007 ж.

- деп Алдаберген әулеті.

«Қазақтың екеуінің біреуі ақын» дегендей мен Лабақ інімнің де ақынжанды, нәзік сезімталдығын келінім Марзия берген дәптерден тасқа басқандай нақыштап жазған өлең шумақтарын оқып таңқалдым.

Енді осы жазбадағы сағынышқа толы бір өлеңін назарларыңызға ұсынайын.

### Анама

Кім келіп бұл өмірге кім кетпеген,  
Ашы қайғы кімдерді жүдетпеген.  
Ең қымбатты шешеден айырылғанда,  
Жан барма көздің жасын көлдетпеген.

Анамыз ардақты еді өр тұлғалы,  
Біз ұшқан тіршіліктің алтын бағы.  
Жалғасын өмірінің үзіп берген,  
30 жыл болды анамның көз жұмғалы.

-деп 2003 жылы ағайын-туыстарды шақырып, анасына Ас беріп, ансаған күні екен бұл.

### Құлжан қамшыгер

Бәтет атаның немересі Жаманқара ұлы Құлжан өте епті, қайратты қамшыгер болған адам. Қашаннан адайдың Мұңалы мен табынның

Жоли ұрпақтары қатар көшіп-қонып жүріп, қыз алысып, құда- жекжатты болған жандар.

Маңғыстау жерінде малды құдықтан суаратын, су тапшылығына байланысты дау- жанжалдың да сол құдықтар басында болатыны белгілі жай. Бір күні құдық басында суға таласып төбелес шығады. Төбелестің қызуымен Құлжан атамыз, адайдың бір жігітінің басын қамшысымен қақ айырады. Төбелес арты дауға айналып «Құлжан төбелесте қару жұмсады, қылышпен шауып басты қақ бөлді» деп, Адай билері бітімге келмейді. Сөйтіп -Құлжанды шауып өлтіреміз- деп даурығады. Бұл үлкен дауға айналып, ара би шақырылып, екі жақтың да билері қатынасады. Құлжанды ортаға алып тергеген билер оның қолындағы қамшысымен жігіттің басын қақ жарғанына сенбейді. Сонда Құлжан «Енді қалай дәлелдеймін, ол үшін тағы да біреудің басын бөліп өлтіруім керек пе?» деп қиналады.

Билер бір келісімге келіп, шиыршықтап оралған текеметті ортаға әкелдіріп, екі жігітке керіп ұстатып «Ал осыны қамшыңмен қиып түс, сонда сенеміз» -дейді

Құлжан қолындағы сегіз өрім дарау қамшысымен көз ілеспес қимыл жасап, киізді қиып түседі. Міне сөйтіп қамшыгерлігі әйгілі болады.

### **Тәпеке батыр**

Маңғыстаудың Бейнеу ауданы, Сам өңірі, Доңызтаудан Қарақалпақтың Қоңыратына дейінгі аймақта көшіп-қонып, қалың жылқыларын бағып, еліне қорған болған батыр атамыз Тәпеке еді.

Қазақтардың тыныштығын бұзар ішкі жауы түрікменнің жауміттері еді. Араларында ауық-ауық қақтығыс болып, бірін-бірі шабысып, барымталасып жататын.

Тәпеке батыр осындай жаугершілік жағдайда, елге тиген түркмендерді Матайдың құмынан асыра қуып тастап, сарбаздарымен дем алуға қонады. Түркменнің қол басшысы өзін «Беглербегі»мін деп атайтын батыры, онымен кездескен қақтығыста, Тәпекенің ерлігін, күш қайратының молдығын біледі.

Тәпекеден сескенген ол батырды айламен өлтіруді ойлап, намаз оқып отырғанда сыртынан келіп қылыш шабады. Басы шабылып алдына түскен Тәпике батыр, «Аллалап» орнынан тұрып, домалаған басын етегіне салып алып, сол жердегі төбенің басына барып құлайды. Мұндай құдіретті көрген түрікмен батырының зәресі ұшып «Әттеген-ай, аруақты адамды қапыда өлтірдім-ау»-деп өкініп көзіне жас алғанда, екі көзі



көрмей қалады. Қазақтар түркмендерді қырғынға ұшыратып Беглербегі қашып құтылады.

Тәпеке батырды сол жығылған төбе басына жерлеп, баласы Қара серт беріп Беглербегінің басын әкелмей, әкесіне ас бермейтінін жариялайды.

Сөйтіп арада 18-күн өткенде Беглербегінің аулын тауып, басын алып елге келіп әкесіне ас береді.

Әкем марқұм тірі кезінде, Бейнеу өңірінде біздің Тәпеке атамыздың зираты бар деуші еді, баруға жолымыз түспей жүрген едім.

2005 жылы Маңғыстаудың Бейнеу ауданына қарасты Тұрыш ауылында тұратын құдаларыма барғанымда, әкемнің аманатына сұрау салдым. Сондағы Танатар құдамның айтқаны

- Ия, білеміз ол біздің зират етіп жүрген Тәпеке әулие ғой -деп жоғымды тауып берді. Тәпеке атамыз қазір әулие атанып, басына адамдар түнеп зират етеді екен. Атамыз Тұрыштағы Барақ қорымынан алпыс шақырымдай қашықтықтағы «Матайдың құмы, Алтайдың соры» деп аталатын жердегі домалақ төбе басында жатыр.

Тәпеке батырға қойылған құлыптас Барақ батыр басындағы белгі таспен бірдей, бір ұстаның қолымен жасалған тәрізді. Соған қарағанда Тәпеке батыр Барақ Атамен замандас болған. Оның туған жылы шамамен 1770 жылдарға сай келеді.

### Алдаберген батыр (Намыс)

Қызылкүрең арғымақ ат иесінің ой толғанысын, мінез құлқын талай жылдан бері айна -қатесіз ұғып дағдыланған жануар.

Түксиген қалың қабағы ақсары жүзіне айбар беріп, тұлғалы денесі ат үстінде құйған қорғасындай тік отырған батырдың тақымы аттын өкпесін сығымдай барып босап кетті.

Қызылкүрең де оның ширыққан мінезінің бір сабаға келгенін біліп, сырғып келе жатқан жүрісін өзгертіп баяу аяңға көшті.

-Атаңа нәлет, өз обалың өзіңе- деп атының басын тартып токтатып, кеудесін бұрып артына бір қарап, «Өз обалың өзіңе пәтшағар» -деп, күбірлеп атының басын Доңызтаудағы елге бұрды.

Бұл- осы өңірге аты шыққан Алдаберген батыр еді. Халық батыр атағын кім көрінгінге тели бермейді. Аса орасан күш иелері де батыр атана алмаған. Алдаберген жалғыз атты, шаруасы шағын болған. Бай ағайындары алдына мал салып берсе де, малы құралмаған.

Бір жылдары келген қонағына соя-соя уақ малдары таусылып, көшер тұста келген қонағына көш түйесін сойдырып «Жұртта қалған атанған». Сондай ақ көңілді жігіттің басынан нелер ерлік өтпеген. Бұрынғыдай шапқыншылық жау қалмақ жоқ болса да, кейбір ел тағдыры таразыға түсіп тұрған шақта, Алдабергеннің аянған жері болған емес. Сондықтанда елі оны батыр деп атаған. Осы оқиға да сондай ерліктерінің бірі еді.

Қызылкүрең атын баптап, Барақ бабасының Алакөбек қалмақ батырын жекпе-жекте жеңіп «Қалмаққырған» атанған жерімен жүріп келеді. «Қарақамыста үлкен жәрмеңке болады, оған әр жерлерден керуендер келіп, ойын-сауық болады»- дегенді естіп, келе жатқан кезі еді.

Орыс империясының қазақ елін бодандықта ұстау саясатымен, елдің осы тұстағы құнарлы жерлеріне орналасқан орыс поселкісі бар еді. Сол поселкі тұсынан жәрмеңкеге кірмек болған Батыр, бір топ адамдардың шуылын естіп атының басын солай қарай бұрды. Жәрмеңкеге келген қазақ жігіттері поселкінің жанына қонып, аттарын тұсап қоя беріпті. Таңертең тұрған жігіттердің біреуінің аты жоқ болып шығады. Жігіт атының бір орыс землянкесінің алдында байланып тұрғанын көріп, оны шешіп міне бергенде, бір ірі орыс жігіті үйден шығып ат тізгінінне жабысып, «Атың егінге түсті, егін бүлінді, айып төлейсің» - дейді .

«Ат үстіндегі қазақтың қашанда бір қапшық желі болады» дегендей оны қолындағы қамшысымен бастан тартып жібереді де, ол ұстаған тізгінді жұлып алмақшы болды. Орыс жігіті де өзіне сенген күш иесі екен. Қазақты аттан аударып алып, ағаштың түбірімен басынан ұрып өлтіріп тастайды. Қазақ жігіттері жиналып келіп, өлген жігіттің құнын сұрап әкімге барады. Сонда орыс жігіті «Өзі өлгелі тұрған жан екен, ол мені мына қамшымен бір ұрды, мен де қамшысын тартып алып, бір ұрғанда өлді де қалды»- дейді. Әкім әділ төрелік жасамай орысқа бұрып, құң төлетпейді.

- Мына қамшыдан өлген болса, сендер де оны осы қамшымен бір ұрып өлтіріңдер - дейді!. Жиналған қазақ жігіттері әлгідей үкімге не істерін білмей тұрған кезде Қызылкүреңді сызылтып Батыр да келіп қалады. Жиналғандардан мән - жайды біліп, төрт өрім бір қарыс, екі тұтам жінішке қамшыны айналдыра бір қарап алып, «Жарайды бұл төрелікті мен шешіп көрейін» - дейді батыр. Сөйтіп Қызылкүреңге лып етіп қона кетіп, орыс жігітіне тесіле қарайды. Оның түрінен бұл қамшыдан өлмесін біліп, «Келсең кел»- деген мысқылды таныды. Қазақ жігіттерін мазақ еткендей болып, күліп отырған орыстын басына киген, қасқыр

терісінен тігілген малақайының бір құлағы қайырулы, бір құлағы салбырап тұр. Алдаберген де оған «Иманыңды үйір» дегендей болып қарап, атын жортақтатып, отыз-қырық қадамдай жерге барып қайта кері бұрып, орысқа қарай шоқыта жөнелді. Өлгіге жақындай бере астындағы аты сәл бүгілгендей болып, қамшысын сілтегендей болады. Ел адамдары тынып қалған. Ол атын тоқтатып, шоқиып күліп отырған дәу жігіттің қасына келіп, бетіне үңіліп, малақай астынан аққан қанды көреді. Содан соң төрт өрімді қамшыны алдына тастап, атының басын далаға қарай бағыттап жүріп кетеді. Қазақ жігіттері күліп отырған орысты көріп «Қап, эттеген-ай кек қайтпады-ау»-деп, өкініп жатады. Орыс жігіті сәлден соң сылқ етіп құлап түскенде жиналғандардың көргені, орыстың басы қылышпен шапқандай қақ бөлініп кетіпті. Алдаберген сол кеткеннен кете береді. Өлгі ердің кім екенін білгендер ғана ішінен танып, ал танымайтындар «білмейміз» - деп ұзап кеткен батырды өкіметке танытпайды. Қызылкүрең атты батыр осындай оқиғаға тұс келгенде, еш ойланбастан қазақтың азаматының өлімін тауық өліміндей көрмей, мазақ етіп отырған орыстың және оның сөзін сөйлеп әділетсіз шешім шығарып отырған ұлыққа, өз өнерін көрсетіп, қазақтың кегін қайтарып кеткен болатын.

Осындай ел намысы тапталып, ердің құнын даулауға да құқығы жоқ бодандықта жүрген халықтың ар-намысын өзінше жоқтап, есеп айырысып, еліне батыр атанған Алдабергенді бұл Ақтөбе, Ойыл, Жем бойы түгел біледі.

Алдабергеннің қамшыгерлігі осы өңірге әйгілі еді. Бірде Алдаберген Қызылкүреңді суарып алмақ болып, құдыққа қауға сала бергенде, қымыз ішіп, масайрап келе жатқан бір топ жігіттер құдыққа келеді.

- Әй, жалғыз атты, тұра тұр, біздің аттар су ішкен соң суарарсың атыңды- деп қауғаға жабысады. Төбелес шығарып, шатақтаса бастайды. Батыр еш тіл қатпай атқа қарғып мініп, әб-сәтте жиырма жігітті көз іліспес жылдамдықпен жаурыннан сегіз өрімді дырау қамшысымен бір-бір тартып құдықтың басына үйіп кетеді. Бұл да батырдың өз елінің желіккен жігіттерінің желін басқан бір өнері еді.

Қызылкүрең аттының Алдаберген батыр екенін білген кей жігіттер есін жинаған соң ғана біліп, мастығынан айыққан екен. Бұл оқиға ХХ-ғасырдың бас жағында болған еді. Мен бұл әңгімені 1990 жылы Қарақалпақстандағы 96-жасқа келіп отырған Нұрмағанбет деген атадан естіген едім. Теңдікті, әділетті қоғамды аңсаған, ел намысын қорғаған бабалар аруағы риза болсын! Егеменді ел болдық егемендігіміз баянды болсын!

### Алыптың соңы

Жоғарыда айтылған батыр да ерен күш иелері болған аталардың ұрпағы Оспан көкем жайлы көрген-білген, естігендерімді баяндай кетейін.

Алдаберген батырдың балалары ішінен өзіне тұлғасы мен күш қайраты дарыған баласы осы Оспан еді.

Ол 1914 жылы Ақтөбе облысының Доңыздау өңірінде туылған. 1931-1932 жылдары жанұясы Әулиеата жеріне көшіп келіп, қалаға жақын Қызылқайнар колхозында тұрады. Бауырларына қарағанда сіңірлі, бойлы әрі күш-қайраты тасып ұрыншақтау болған бала жігіт жөнінде әңгіме көп еді. Сол әңгіменің бір-екеуін айта кетейін.



